

Ізгілік ілгерілеуді қанаттандырады



2-бет

Аймақ агроэкспорты әлеуетті ме?



5-бет

Ұлт зиялысы ұлықталды



8-бет

Агрокешендегі көшелі көрсеткіш

Елдің еңсесін көтерер еңбек – ауылда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында ауыл шаруашылығының ел дамуындағы үлесін арттыру экономиканың ғана емес, аймақтардың әлеуметтік тұрақтылығының да кепілі екенін атап өтті. Президент тапсырмасына сай, бүгінде Қарағанды облысында аграрлық саланы әртараптандыру мен қайта өңдеуді күшейту бағытында маңызды істер қолға алынған.

 Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы орақ маусымы ауыл үшін ерекше серпінмен басталды. Егіс даласында техникалар тынымсыз жұмыс жасап, жаңа агротехнологиялар енгізілуде. Шаруалар өндірісті ұлғайтып қана қоймай, сапа мен тиімділікке ден қойған. Мал бордақылау алаңдары мен сүт фермаларының саны көбейіп, өңір ауыл шаруашылығы өндірісін жаңа деңгейге шығарып келеді. Бір сөзбен айтқанда, ауылдағы еңбек бүгін ел экономикасының нақты қозғаушы күшіне айналып отыр.

Мемлекет ұсынған жеңілдетілген несиені, субсидия мен инвестициялық жеңілдіктер облыстың ауыл шаруашылығы субъектілері өнім өндіру көлемін тұрақты арттырып, өңірлік азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісіне өз үлесін қосып отыр. Ынтамен кіріскен істе нәтиже болады анық. Ауылдағы еңбек – маусымдық емес, үздіксіз үдеріс. Көктемгі қарбаластың орнын күзгі қамбаның лық толуы басқан шақта, дала төсінде биылғы еңбектің нәтижесі де көріне бастады. Қараған-



ды облысы ауыл шаруашылығы басқармасының деректеріне сүйенсек, ағымдағы жылдың сегіз айында өңір шаруалары 56,5 мың тонна ет, 143,5 мың тонна сүт, және 413 миллион дана жұмыртқа өндіріп үлгерген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда тұрақты өсім көрсетіп отыр. Ет өндірісіндегі өсім – 105 пайыздан асқан, сүт өндіру 101 пайыздық межені бағындырған, тек жұмыртқа көлемінде аздаған төмендеу байқалады. Ол да – маусымдық ауытқудың бір түрі.

Ал егін алқаптарындағы көрініс тіпті үмітті. Биыл облыс бойынша 914 мың

гектарға жуық жерге дән себіліп, оның басым бөлігін бидай, арпа және сұлы алқаптары құрайды. Бір қарағанда, бұл сан жыл сайынғы көрсеткіштерге ұқсас болуы мүмкін.

Алайда биылғы маусымның бір ерекшелігі – өнім сапасы мен орташа өнімділіктің өсуінде. Мамандардың алдын ала болжамы бойынша, орташа түсім 10 центнерден асса, қамбаға бір миллион тоннаға жуық астық құйылады деп күтілуде. Бұл – соңғы жылдардағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі.

Картоп пен көкөніс егілген алқаптар-

да да береке бар. 14 мың гектардан астам жерге картоп егіліп, өнімділік гектарына 250 центнерден асып отыр.

Бұл шамамен 370 мың тоннаға жуық өнім деген сөз. Ал көкөніс дақылдарынан алынған өнім көлемі 75 мың тоннадан асқан. Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, биылғы жинау науқанына 1 976 астық жинайтын комбайн мен жүздеген заманауи техника жұмылдырылған. Осының бәрі – еңбектің өнімділігін арттыруға бағытталған нақты кадамдар.

➤ 5-бет

• «АУЫЛ БЕРЕКЕ-2025»

Дала дәмі Елорда төрінде

Елордала Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің ірі ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтуде. Бұл – астаналықтар үшін дәстүрге айналған өңірлік азықтүлік мерекесі. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, қарағандылық аграршылар бас қалаға 560 тоннадан астам сапалы өнім ұсынып отыр. Саудаға ет, сүт өнімдері, көкөніс, жұмыртқа, балық және басқа да азықтүлік түрлері шығады.

Жәрмеңкеге аймақтың 90-нан астам шаруа қожалықтары, сондай-ақ, қайта өңдеу кәсіпорындары қатысады. Қарағандылық ауыл еңбеккерлері елорда тұрғындарына 130 тонна ет, 18 тонна сүт өнімдерін, сондай-ақ 390 тонна көкөніс жеткізеді. Бұған қоса, облыстың құс фабрикалары 160 мың дана жұмыртқа апарды.

Жәрмеңкеге шығарылатын өнімдердің барлығының бағасы нарықтағыдан төмен. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар тек азықтүлік бағасын тұрақтандыруға ғана емес, сонымен қатар, облыстың өнім өндірушілерін кеңінен танытуға мүмкіндік береді.

Өз тілшімізден

«AI-Sana» зияткерлікке серпін береді

Сәт сайын құбылып жатқан жаһандық үдерістер еліміздегі мамандардың бәсекеге қабілетті болуын талап етеді. Осы орайда университеттер жаңа заманға сай мамандар дайындауға кірісті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанның инженерлері, зерттеушілері және кәсіпкерлері бүкіл әлемнің қажетіне жарайтын озық технологияларды ойлап табуға қабілетті болуы керек» деген болатын. Бүгінде еліміздегі барлық жоғары оқу орындарында «AI-Sana» бағдарламасы қолға алынып, студенттердің жасанды интеллект саласындағы дағдыларын дамытуға әрі өмірде қолдана білуге үйретуде. Бірегей бастама ұлттық экономиканың әлеуетін арттырып, технологиялық кәсіпкерлікті қолдауға бағытталды. Бүгінде 440 мыңнан астам студент бағдарлама бойынша арнайы сертификатқа ие болды. Ал өңірдегі университеттердің жасанды интеллектіні үйретудегі жай-күйі қалай? Саралап көрейік.

 Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«AI-Sana» қандай жоба?

Күні кеше өткен Жасанды интеллекттің дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы еліміздің алдында тұрған басты мақсат – отандық технологияны жан-жақты дамыту және мықты IT мамандарын

даярлау екеніне мән беріп, білім беру саласындағы негізгі басымдықтарға тоқталды. Жаңа заманға сай мамандар даярлаудың маңызын айтты.

– Жыл басында елімізде «AI-Sana» бағдарламасы іске қосылды. Осы жоба аясында 440 мыңнан астам студент жасанды интеллект саласы бойынша арнайы сертифи-



катқа ие болды. Мұндай бағдарламалардың пайдасы мол, себебі дәл осындай алаңдарда ең үздік жоба-

лар өз алдына стартап ретінде қалыптасып, халықаралық нарыққа шыға бастайды. Алайда біз әлемдік

нарықта жасанды интеллект мамандарына деген сұраныстың өте жоғары екенін ұмытпауымыз керек және

➤ 4-бет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

☎ Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

✉ E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

• КОНФЕРЕНЦИЯ

Технологиялық мүмкіндіктер таразыланды

Қарағандыда медицина саласындағы жаңа бағыттар мен технологиялар – роботтандырылған операциялар, 3D-жоспарлау және жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесі талқыланды. Халықаралық конференцияға бірнеше елден травматология, ортопедия және реабилитация саласының жетекші мамандары мен ғалымдары жиналды. Іс-шара профессор Хафиз Макажановтың 110 жылдығына және Қарағанды медицина университетінің 75 жылдық мерейтойына арналды деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.



Суреттер облыс әкімінің сайтынан

Конференция қатысушыларын Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Ораз Тәуірбеков құттықтап, өңір үшін мұндай шаралардың маңыздылығын атап өтті.

– Осындай ауқымды әрі беделді басқосудың біздің облыста өтуі – үлкен мәртебе. Бұл травматология саласының дамуына тың серпін береді. Дәрігерлерге тәжірибе алмасып, әлемнің жетекші мамандарымен өзекті мәселелерді талқылауға мүмкіндік туып отыр, – деді ол.

Қарағанды травматология мектебі елімізде өз деңгейі мен кәсіби әлеуеті бойынша ең беделділердің бірі саналады. Жергілікті дәрігерлердің тәжірибесі де зор. – Инновациялық технологиялар бүгінде тек астанада ғана емес, еліміздің өзге ірі қалаларында да сәтті енгізілуде. Қарағанды – соның жарқын мысалы. Мұнда қуатты медициналық орталықтар шоғырланған, жоғары білікті мамандар жұмыс істейді. Жасанды интеллект элементтері бар роботтандырылған жүйелер ең күрделі операциялар кезінде қателік қаупін азайтып, дәлдікті арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, бұндай эндопротездеу кезінде бұл технологиялар жоғары нәтиже береді, – деді Н.Батпенов атындағы Травматология және ортопедия ұлттық ғылыми орталығының директоры Олжас Бекарысов.

Қазақстанда алғаш рет конференция

Өз тілшімізден



Ізгілік ілгерілеуді қанаттандырады

Қоғамның өркениеттілігі ең алдымен ерекше жандарға деген көзқараспен өлшенеді. Қарағанды облысында инклюзияны дамыту мен кедергісіз орта қалыптастыру бағытында нақты істер атқарылып келеді. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың ерекше балалардың ата-аналарымен өткізген кездесуі осы жұмыстың жүйелі жалғасуына айналды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.



Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұл жолы әңгіме инклюзияны дамыту, мәдениет пен спорт салаларында қолжетімді ортаны қалыптастыру, сондай-ақ, ерекше балаларды жұмыспен қамту мәселелеріне арналды.

Кездесуде өңірде атқарылып жатқан игі істер мен жаңа жобалар таныстырылды. Мәселен, загіп және нашар көретін азаматтарға арналған Мәдениет үйінде бүгінде түрлі шығармашылық үйірмелер жұмыс істейді. Мұнда тұрғындар музыка, қолөнер, би және әдебиет бағытында өз қабілеттерін дамытуда.

Ал ерекше жобалардың бірі «Интеграция» бағдарламасы кәсіби әртістер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды біріктіріп, оларды ортақ өнер кеңістігінде табыстырған. Бұл бастама арқылы ерекше жандар сахна мәдениетіне араласып, өз әлеуетін ашуға мүмкіндік алды.

Сондай-ақ, есту қабілеті шектеулі адамдардың Мәдениет үйінде жеті шығармашылық бірлестік пен түрлі қызығушылық бағытындағы үйірмелер жұмыс істейді. Мұнда адамдар өзара қарым-қатынас орнатып, жаңа достар тауып, қоғам өміріне белсенді араласып отыр.



Өңірде 16 жастан асқан ерекше жандарға арналған «Бізбен бірге бол!» интеграциялық орталығы тиімді жұмыс істеп келеді. Бұл орталықта қатысушылар қолөнер мен шығармашылық бағыттар бойынша білім алып, кәсіби және әлеуметтік дағдыларын дамытады.

Бұл орталықта қолданбалы өнер шеберханалары жұмыс істейді. Жалпы біздің жұмысымыз кешенді сипатқа ие, ол театр өнерін, кітапханалық қызметті, шығармашылық оқытуды және әлеуметтік бейімдеуді қамтиды. Қазір инклюзивті театр құру мүмкіндігін зерделеп жатырмыз, – деді облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ноян Жүнісұлы.

Кездесуде ерекше назар аударылған тақырыптардың бірі иппотерапия жобасы болды. Аппен серуендеу арқылы балалардың қозғалыс үйлесімділігі, бұлшықет белсенділігі және өз-өзіне сенімділігі артады. Бағдарлама қазіргі уақытта Қарағанды қаласында жүзеге асырылуда. Ал, келесі

жылы оны Теміртау қаласында іске қосу жоспарланған.

Қоғамдық ұйымдардың өкілдері менталдық ерекшелігі бар жасөспірімдерді «Жаңыл ел» еңбек жасақтарына тарту тәжірибесімен бөлісті. Бұл бастама ерекше балаларға алғашқы еңбек дағдыларын меңгеріп, өз күшіне сенім ұялатуға және қоғамға бейімделуге көмектескен.

Барлық мәселе кезең-кезеңімен, ең өзекті бағыттардан басталып шешілетін болады. Ең бастысы – тоқтап қалмай, жүйелі түрде алға жылжу, – деді аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев, кездесуді қорытындылай келе.

Кездесуге қатысқан ата-аналар ерекше балалар тәрбиелеп отырған отбасыларға көрсетіліп жатқан қамқорлық пен қолдау үшін алғыстарын білдіріп, соңғы жылдары байқалған оң өзгерістерді атап өтті.

Соңғы жылдары облысымызда мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жобалар елеулі ілгеріледі. Көптеген бастамалар жүзеге асырыл-

ды. Біз үнемі сұрақтар қойып, ұсыныстар айтамыз, білік өкілдері мүмкіндігінше барлығын орындауға тырысады. Иә, бәрі бірден болмайды, бірақ ілгерілеу айқын сезіледі. Өңірде басқа облыстарда кездеспейтін ерекше жобалар бар. Мәселен, спорт саласында – менталдық бұзылыстары бар балаларға арналған жүзу секциясы, ал медицинада – жалпы анестезиямен тіс емдеу қызметі жолға қойылған, – деді «Батыл жүрек» қорының тең құрылтайшысы Оксана Югай.

Кездесуде көпқабатты үйлерде тұратын мүмкіндігі шектеулі азаматтардың жағдайына да назар аударылды. Қалада арбамен жүретін адамдарға арналған заманауи көтергіш құрылғылар сатып алынды. Бұған дейін тұрғындар жоғары қабаттардан түсу қиындығына жиі шағымданатын. Енді бұл мәселе шешімін тауып, өңірде кедергісіз орта қалыптастыру бағытында нақты қадам жасалды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ОРАҚ – 2025

Жаңа жүйе жемісті

Өңірде биылғы егін орағы өз мәресіне жетіп қалды. Дикандардың айтуынша, бірер апта ішінде майлы дақылдар мен көкөніс өнімдерін жинау да толық аяқталады. Ауыл еңбеккерлері биыл заманауи технологияның көмегімен бұрын-соңды болмаған мол астық жинап отыр.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Нұра ауданының шаруалары биыл егін науқанын цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы жүргізген. Бұл тәсіл еңбекті айтарлықтай жеңілдетіп, өнім сапасын арттырған.

Мәселен, ауданның ірі шаруашылықтарының бірі – «Шахтерское» ЖШС 38 мың гектарға дәнді дақыл, ал, 10

мың гектарға майлы дақыл еккен. Егістікке себілген тұқым арнайы кешенде тынай-тқышпен және зиянкестерге қарсы препаратпен өңделіп, жаз бойы тамшылатып суару технологиясы арқылы ылғалдандырылған.

Біз ауыл шаруашылығына жасанды интеллектті енгізудің тиімді тетіктерін зерттеп жатырмыз. Қазірдің өзінде көптеген жұмыс цифрлық жүйе арқылы атқарылады. Соның арқасында биыл

шаруашылық тарихында болмаған рекордтық өнім алдық. Бұл бағыттағы технологиялық жаңғыртуды жалғастыра береміз, – дейді шаруашылық директоры Георгий Прокоп.

Биыл аталған шаруашылықта тұқым өңдейтін жаңа заманауи кешен іске қосылды. Ол толықтай цифрлық жүйемен жұмыс істейді және сағатына 70 тонна астық тазалауға қауқарлы. Жаңа неміс жабдықтары дәнді дақылдарды жоғары дәлдікпен сұрыптап, өнім сапасын бірнеше есе жақсартқан.

Шаруашылықтағы барлық жұмыстар диспетчер-

лік орталықтан бақыланады. Арнайы цифрлық платформа арқылы әр егістік алқабының жағдайы, жанармай мен тұқым шығыны, техника қозғалысы мен жұмыс уақыты нақты есептеліп отырады.

Қарағанды облысы бойынша биыл 915 мың гектар жерге дәнді, 78 мың гектарға майлы дақыл егілген. Бүгінде астықтың 85 пайызы жиналды. Ал картоп пен көкөніс алқаптарындағы жұмыс та алдағы аптада толық аяқталмақ.

Мамандар биылғы маусым өңір үшін табысты болғанын айтады. Заманауи агротехнологиялар мен цифрлық бақылау жүйелері өнімділікті арттырып, еңбек шығынын азайтқан.

Таза ауыл таза ауладан басталады

Осакаров ауданында экологиялық мәдениетті насихаттауға бағытталған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бағдарламасы аясында өткен «Үлгілі ауыл» және «Таза аула» атты аудандық байқаулардың қорытындысы шығарылды. Табиғат пен туған жерге деген қамқорлықты дәріптеген бұл шара тазалық пен тәртіптің, ынтымақ пен ұйымшылдықтың мерекесіне айналды.



Болатбек ӘШІМУЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен өткен салтанатты жиынға аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов, ауылдық округтердің әкімдері, байқау қазылары, қатысушылар мен белсенді тұрғындар, сондай-ақ, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Іс-шараның ашылуында сөз алған аудан әкімі Руслан Нұрмұханбетов «Таза Қазақстан» бағдарламасының қоғамдағы маңызын атап өтті:

– Бұл бағдарлама тек эколо-

гиялық акция емес, бұл – азаматтық жауапкершілікті арттырудың, туған жерге деген сүйіспеншілікті нақты іспен дәлелдеудің үлгісі. Біздің ортақ мақсатымыз – ауданымыздың әр ауылы мен көшесін таза, жайлы және көрікті ету, – деді аудан басшысы.

Марапаттау сәтінде аудан бойынша ең үлгілі ауылдар мен аулалар анықталды. «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпазы болып Озерный ауылдық округі танылды. Елдімекенді ұйыстырып, тазалық пен тәртіп орнатуға зор үлес қосқан округ әкімі Қажымұхамет Әкімжанов аудан басшысының қолынан арнайы марапат алды.



Сонымен қатар, байқауға белсене қатысқан Мирный ауылдық округінің әкімі Игорь Генниберг пен Пионер ауылдық округінің әкімі Григорий Саулянов алғыс хат-

тарымен марапатталды.

Ал «Таза аула» байқауында Есіл ауылының тұрғындары Василий Утланов пен Нани Кузгамбаева үшінші орынды бөлсе, екін-

ші орын Молодежный кентінің тұрғыны Наталья Локазюкке бұйырды. Жүлделі бірінші орынға Пришимское ауылының тұрғыны Надежда Карапиди ие болды.

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

Жеңімпаздар мен қатысушылардың барлығына экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қосқан үлестері үшін қошмет көрсетілді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аудан тұрғындарын туған жеріне қамқор болуға, табиғатты аялауға және күнделікті өмірде экологиялық мәдениетті ұстануға үндеп келеді. Осындай бастамалар арқылы Осакаров өңірі тазалық пен тәртіптің, ұйымшылдық пен ынтымақтың үлгісін көрсетуде.

Осакаров ауданы

Сурет аудандық ішкі саясат бөлімінен

• РУХАНИ КЕЛІСІМ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«Қазақстан – өмір сүруге қолайлы ел»

Қазақстан егемендігін алғаннан-ақ болашағын демократиялық дамумен байланыстырды. Тарихтың жолайрығында тұрған тәуелсіз ел келешегінің іргетасы халықтың тікелей араласуымен берік құйылуы қажет еді сол тұста. Әлем елдері әлекашан демократияның институты ретінде белгілен берген – қоғамдық бірлестіктер, саяси партиялар және басқа да ұйымдар сол кезеңде біздің елде де құрыла бастады. Ал, бүгінде олар құқықтық һәм азаматтық қоғамның тәуір тірегі. Рухани келісім, бірлік пен татулықтың тұнығын сақтауда салмақтары бар. Тұрасын айтқанда, олардың Қазақстандағы жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін қалыптастырудағы үлесі қомақты. Бүгінде елімізде мындаған үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. Білім беру мен ғылым, әлеуметтік қорғау, жастар саясаты, экология, мәдениет пен спорт, адам құқықтарын қорғау салаларында белсенділік танытып отыр. Олар бұқара мен билік арасында ашық диалог орнатып келеді. Осы орайда Қарағанды облысындағы «Азаматтық бастамалар орталығы» қоғамдық бірлестік төрағасының орынбасары Мадина Салпеновамен сұхбат құрған едік...

– «Қазақстандағы жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделі» көптеген елдер сарапшыларының назарын аударатыны жасырын емес. Аталған модельдің кілті неде?

– Тарих пен тағдырдың жазуымен Қазақстанға жер ауып келген көптеген ұлт өкілдерін өңменінен итермей, өзегіне тартып, бауырына басқан еліміз кеңдігі мен бауырмалдығы арқылы талай ұлтты өгейсітпеді. Олармен бүтінді бөліп, жартыны жара жеген ата-бабамыз сол уақытта-ақ бірлік пен татулықтың дәнін сеуіп кеткен екен. Соның жарқын дәлелі – бұл күні жүзден астам ұлт пен ұлыс қазақ жерінде тұрақтылық пен бірліктің туын берік ұстап келеді.

Қазақстандық бірлік моделі этностардың қоғамдық ұйымдары, этномәдени бірлестіктер мен мемлекет тұлғасындағы азаматтық қоғам институттарының сындарлы, өзара іс-қимылы негізінде дамуға екенін атау ләзім. Барша ұлыс азаматтық-құқықтық және қоғамдық мәртебеге ие. Олар – Қазақстанның біртұтас халқының толық құқыққа ие азаматтары.

Қазақұзақ жылдар бойы халықтар арасындағы өзара қарым-қатынастың ерекше дәстүрін қалыптастырды. «Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделінің» негізінде қазақтың барлық диаспораға, ал, олардың жергілікті ұлтқа деген құрметі жатыр.

– Бұл модельдің қалыптасуына жоғарыда атап өткеніңіздей тарихи және әлеуметтік факторлар ықпал еткені де анық...

– Әрине, ең алдымен, бұл Қазақстанның өткен ғасырдың 30-50-жылдары жер аударылған жүздеген халық үшін екінші Отанға айналуымен байланысты. Қазақстан тарихының қайғылы беттерінің бірі – бұрынғы Кеңес Одағының барлық өңірлерінен дерлік оның аумағына халықтарды депортациялау (халықтарды күштеп көшіру). Қазақ жері өзінің еркінен тыс сталиндік «халық түрмесіне» айналды. Осы процестің нәтижесінде полиэтникалық құрылымға айналған Қазақстанда 100-ден астам ұлыс бар. Тарихтан белгілі, қазақ жүздеген мың отбасын қабылдады. Қазақтың бұл мейірімі мен қайырымын депортацияланғандардың ұрпақтары әлі де еске алып, риясыз алғыстарын айтудан таңған емес. Бұған қоса, бірліктің қазақстандық моделінің қалыптасуына халқымыздың төзімділігі мен ізгілігі ықпал еткенін есте сақтау – міндет.

Өз туған жерімінен мысал келтіргім келеді. Мен Бұқар жырау ауданындағы ауылда дүниеге келдім. Біздің ауылда түрлі ұлт өкілі өмір сүрді. Бала кезімізден барлық этностардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сіңірдік: Пасханы, Рождество мейрамын бірге тойладық, неміс көршілеріміз қазақ тағамдарын үйренді,



шелпек пен бауырсақ пісірді. Бәріміз тату отбасы едік, ұлтқа, ұлысқа бөлінбедік. Сондықтан да, әлі күнге дейін тарихи Отанына кеткен жерлестермен араласып тұрамыз.

– Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтудағы рөлі туралы пікіріңіз...

– Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі қоғамдағы келісім мен ұлттық бірлікті сақтауда, халықтар арасындағы достықты нығайтуда орасан. Ассамблея ұлтаралық келісім мен бірлікті бекемдей түсуде осы жылдар аралығында тынымсыз еңбек етіп келеді. Ол нәтижесіз емес. Оның жемісі – бүгінгі бейбіт күн.

Қазақстанда тұратын әрбір этнос тең құқылы. Оның дауыс беруге, өз мерекелерін, дәстүрлерін өткізуге, өз ана тілін үйренуге хақысы бар. Жалпы, ден қойсақ, Ассамблея аясында өткізілетін барлық іс-шаралар қоғам үшін маңызды және аса қажет.

Қазақстандық бірліктің ерекшелігі – қазақтың өзге ұлттарға деген сый-құр-

метінде, мемлекеттің әр ұлыс мәдениетін дамытудағы қолдауында. Бұл – халықтың көпұлтты құрамының, зайырлы, демократиялық мемлекет құруға ұмтылуының нәтижесіндегі этносаралық келісім моделі.

Ұлтаралық қатынастардың оң дамуының бір себебі, Қазақстанның құқықтық мемлекеттілігінде. Республика аумағында тұратын барлық ұлысқа ұлтына, дініне, саяси көзқарасына қарамастан тең құқықтар мен бостандықтар берілген. Қазақстанның әрбір азаматына мәдени және рухани даму құқығы, ана тілін меңгеру және түсіндіру құқығы, ұлттық мұраны, дәстүрлерді, рухани бағдарларды сақтау және көбейту ережесі қамтамасыз етілген.

Біріліміздің, тұтастығымыздың, рухымыздың беріктігінің, бірлескен еңбегіміздің арқасында біз егемендікке, қауіпсіздікке, экономикалық дамуға, азаматтық келісімге қол жеткіздік.

Қазақстан – бүгінде басқа этностардың өмір сүруі үшін ең қауіпсіз елдің бірі. Сондай-ақ тәуелсіздік жылдарында біздің елімізде ұлтаралық негізде бірде-бір кикілжің орын алған жоқ. Баршамыз достық пен келісімде өмір сүріп жатырмыз. Келісім мен тұрақтылық – бұл бүкіл қоғамның дамуының, оның экономикалық өсуінің негізі.

Қоғамда ұлтаралық келісімге ықпал ететін басты сын-қатерлер де жоқ емес. Бірінші кезекте, біз қазір көрші елдерде ұлттық негіздегі қақтығыстар туындап жатқан қиын кезеңдеміз. Екіншіден, Қазақстандағы тұрақсыздыққа мүдделі топтар болуы мүмкін. Көршілес мемлекеттердегі түрлі блогерлер мен танымал тұлғалар тарапынан осындай арандатушылықтарды кездестіріп те қоямыз.

Мұны біздің қазақстандық «псевдо-блогерлер» қолдайды. Олар өздерінің мындаған жазылушы аудиториясын пайдалана отырып, жағдайды шиеленістіруге ұмтылатыны да жоқ емес. Мейлінше қақтығысқа апаруға тырысады. Меніңше, мұндай сырттан арандатуға жол бермеу керек. Ұлтаралық қатынастарға байланысты мәселелерде абай болған жөн.

– Жаһандану дәуірінде ұлттық бірлікті сақтау үшін қандай шаралар қажет?

– Жаһандану жағдайында ұлттық бірлікті сақтау үшін ұлттық мәдениет пен құндылықтарды нығайту, жалпы тарихи және адамгершілік негізінде жалпы азаматтық бірегейлікті дамыту, білім беру мен БАҚ арқылы дәстүрлер мен ұлттық бірегейлікті қолдау, сондай-ақ жаһандық процестерді теңестіру және ұлттық мүдделерді қорғау үшін мемлекеттік реттеу қажет.

Қоғамдық институттар мен БАҚ арқылы дәстүрлі моральдық қағидаттардың «бұддырауына» қарсы іс-қимыл жасау, жаһандық процестердің ұлттық бірегейлік пен экономикаға әсерін ескеретін стратегияларды әзірлеу керек. Мысалы, ұлттық нарықтарды немесе стандарттарды қорғау және әлемдік кеңістікте ұлттық мүдделер, мәдени құндылықтарды ілгерілету үшін халықаралық ұйымдар мен диалогтарға қатысу маңызды.

Ақпараттық кеңістік пен медиа қоғамдық келісімге қарама-қайшы әсер етеді: бір жағынан, олар ақпарат тарату мен жұмылдыруға ықпал етеді. Екінші жағынан,

дезинформацияның таралуына, эхо-камералардың қалыптасуына және жекелеген субъектілердің қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпалына байланысты поляризацияны күшейтуі мүмкін.

Медиа, әлеуметтік желілер жеке тұлғалар мен топтарға кең аудиторияны қамтуға, қоғамдық үнқатысуға ықпал етуге мүмкіндік бере отырып, азаматтық жұмылдыруға, ұйымдастыруға тұғырнама ретінде қызмет ете алады.

Үшінші жағынан, әлеуметтік желілер жалған ақпаратты, сыбыстарды тез тарату үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл институттарға деген сенімге нұқсан келтіреді. Қоғамдық тұрақсыздыққа ықпал етеді. Осыған байланысты тексерілмеген ақпаратты таратқаны үшін құқықтық жауапкершілік шараларын қабылдау, ұлтаралық араздықты қоздыру фактілерінің жолын кесу, әлеуметтік желілерде қоғамда араздық тудырғысы келгендерге жауапкершілік жүктеу – міндет.

– Ел ертеңі – жастардың ұлтаралық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы орны туралы не айтасыз?

– Жастардың келісімді нығайтудағы орны орасан. Өйткені олар – біздің қоғамымыздың болашағы. Бүгінде жастар сәл басқаша. Олардың өмірге, заманауи үдерістерге көзқарасы бөлек. Жас толқын икемді, заманауи технологияларға жылдам бейімделеді.

Меніңше, қазір жастар саяси процестерге аса қызығушылық танытпайды, мақсаттары басқа. Бірақ, біз жастардың әлеуметтік желілер арқылы теріс үдерістерге тартылуы, оларды түрлі жанжалдарда пайдалануы мүмкін екенін түсінуіміз әрі түйсінуіміз керек. Сондықтан, жастарға басқалардың ойындарында «қуыршақ» болмауға көмектесу ауадай қажет.

Ең бастысы, оларға адамгершілік құндылықтарды, басқа ұлттарға, олардың дәстүрлеріне, тіліне құрметпен қарауды үйрету керек. Тәрбие әрқашан отбасында басталады: өмірдің алғашқы сабақтарын, басқалармен қарым-қатынасты бала отбасында алады. Ата-аналар бір ұлтты екіншісінен жоғары қоймай, басқаға да құрмет көрсетуі зор мәнге ие. Біз жастарға елімізде бірлікті, бейбітшілік пен келісімді сақтаудың қаншалықты маңызды екенін сіңіруге тиіспіз.

– Қоғамдық келісімді одан әрі дамыту үшін неңдей жаңа тетіктер енгізу қажет дер едіңіз...

– Біз тарихтың, өткеннің сабақтарын ұдайы есте сақтауымыз керек. Мемлекеттік деңгейде бірлік пен достықты нығайтуға бағытталған бағдарламалар қабылданғаны абзал. Отбасылық дәстүрлердің күшеюі, үлкендерге құрмет, басқа ұлттардың дәстүрлеріне ыждаһаттылық та насихаттан тыс қалмағаны қажет. Этномәдени орталықтар келісім мен теңдік идеясын одан әрі ұстануы зор мәнге ие. Бірлік идеясын таратуға, ұлтаралық келісімді дәріптеуге көмектесетін танымал блогерлерді, жұлдыздарды, қоғамдық пікір көшбасшыларын тарту керек деп ойлаймын.

– Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастарды жазалау емес, тәрбиелеу маңызды

Кейінгі жылдар мұғдарында кәмелетке толмағандарға қатысты істерді қарайтын ювеналды соттың қызметіне баса назар аударылып келеді. Бұл кездейсоқ емес, өйткені қазіргі қоғамда жасөспірімдер тарапынан жасалатын құқықбұзушылықтар саны азаймай отыр. Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтардың басты себебі – құқықтық мәдениеттің төмендігі, девиантты мінез-құлық және отбасындағы келенсіз әлеуметтік жағдайлар болуы әбден мүмкін...

Мемлекет пен қоғам алдындағы маңызды міндеттердің бірі – балалардың құқықтарын тиімді қорғау, әрі оларды әлеуметтендіру мен қайта бейімдеудің заманауи жүйесін қалыптастыру. Кәмелетке толмағандардың мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеу Бала құқықтары туралы Конвенция мен Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қағидаттарына қайшы келеді. Адам құқығын қорғау ең алдымен баланың құқығын қастерлеуден басталады.

Ювеналды әділет жүйесінің негізгі буыны – кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот. Бұл сот кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық һәм азаматтық және әкімшілік істерді қарайды. Сонымен қоса, балалардың мүддесін қорғауға бағытталған сот төрелігін жүзеге асырады. Мұндай соттардың құзыретіне балаға қатысты немесе бала тарапынан жасалған қылмыстар,

сондай-ақ, баланың тұрғылықты жерін анықтау, ата-аналық құқықтан айыру немесе оны қалпына келтіру, бала асырап алу, әкілік құқықты белгілеу, алимент өндіру және басқа да азаматтық істер кіреді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 307-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыс істері ювеналды соттың қарауына жатады.

Биылғы жылдың тоғыз айында облыстың ювеналды сотына 96 адамға қатысты 53 қылмыстық шағым түскен. Оның ішінде 41 іс бойынша үкім шығарылып, 7 іс тоқтатылған. Кәмелетке толмағандар арасында жиі кездесетін құқықбұзушылықтар қатарында есірткі айналымына қатысты 6 іс, бұзақылық (хулиганство) бойынша 1 іс (4 адамға қатысты), бопсалау бойынша – 4 іс (12 адам), тонау – 5 іс (27 адам), ұрлық – 5 іс (6 адам), алимент төлемей – 10 іс (10 адам), жыныстық қылмыстар – 7 іс (7 адам), денсаулыққа қасақана

зиян келтіру – 8 іс (11 адам) бар. Барлығы 67 адам сотталған, олардың 27-сі кәмелетке толмағандар.

Ағымдағы жылдың 6 наурызынан бастап енгізілген заңнамалық өзгерістерге сәйкес, есірткі айналымына қатысты кейбір істер ювеналды соттардың қарауына берілді. Бұл саладағы қылмыстардың көбі пайдакүнемдік мақсатта жасалады. Жасөспірімдер психотроптық заттарды «закладка» арқылы таратумен айналысып, Telegram сияқты мессенджерлер арқылы «кураторлардың» нұсқауын орындау арқылы қомақты сыйақы алады. Өйткенмен, олар өз халықтарының бұрыстығын, яғни халықтың денсаулығына қатер төндіретін ауыр қылмыс екенін толық түсінбейді. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 297-бабының 3-бөлігі бойынша мұндай қылмыс үшін 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген және ол баламасыз – яғни басқа жеңіл жаза түріне алмастырылмайды.

Кәмелетке толмағандарға қатысты сот процесіне міндетті түрде олардың заңды өкілдері, психологтар, әлеуметтік педагогтер және адвокаттар қатысады. Сот әрбір жасөспірімнің жеке тұлғасын, өмір сүру және тәрбиелену шараларын ескере отырып, жазалау емес, түзету мен қайта әлеу-



меттендіруді көздейді. Бұл бағытта психологиялық, психиатриялық және қажет болған жағдайда наркологиялық сараптамалар тағайындалады. Сараптамалар жасөспірімнің өз әрекетінің мәнін түсіну қабілетін анықтау үшін қажет.

Жасөспірімдерге қатысты жаза тағайындау кезінде сот оның тиімділігіне, қажеттілігіне және жеткіліктілігіне ерекше мән береді. Сонымен қатар, сот әрдайым қылмыстық жауапкершіліктен босату немесе тәрбиелік сипаттағы

мәжбүрлеу шараларын қолдану жолын қарастырады. Мұндағы мақсат – баланы қоғамға қайта бейімдеу, оның өмір жолын түзуге мүмкіндік беру.

Жасөспірімдер арасындағы қылмыс – қоғамның айнасы. Ювеналды соттың басты миссиясы – әділ үкім шығарып қана қоймай, құқықбұзушылықтың алдын алу, тәрбиелеу және әлеуметтік бейімдеуді қамтамасыз ету. Түйіндей келе, өңір өркениетінің өрісін кеңейтуді көздеген ювеналды сот бүгінде балалардың құқықтарын

қорғауда, ізгілікке үндеген сот тәжірибесін жетілдіру жолында жасөспірімдерді қоғамға пайдалы тұлға ретінде тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын аңғара аламыз.

Динара МУТУБАЕВА,
Қарағанды облысының
кәмелетке толмағандардың
істері жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сот
төрағасының міндетін
атқарушы

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Арқа туризмінің тың арнасы

«Өндірісті Қарағанды» туристік бағыты – Арқа аймағының кескін-кейпін жаңаша таныстырып, шаһардың тынысын өзгеше сезінуге мүмкіндік беретін тың бастама. Қарағандыда ашылған Visit Qaragandy ақпараттық орталығы бүгінде туристер қауымына соны маршрут әзірлеп үлгерді.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Маршрут өзінің алғашқы қадамын құрыш қала Теміртаудан бастайды. Құлды бір от шарпыған болатын, еңбек пен төзімнің симфониясы тәрізді. Кеңес дәуірінен бері металлургия астанасы атанған атаулы шаһар Қазақстан өндірісінің жүрегіне айналғалы қашан. Дәл осында, домна пештерінің шоғы мен адамдардың маңдай тері қатар кайнаған мекенде, туристерді ерекше саяхат күтіп тұр. Алғашқы аялдама – Қазақстан магниткасы тарихынан сыр шертетін мұражай. Мұнда әрбір жәдігер адам еңбегі мен ерлік жылнамасының байыз тапқан күзгеріндей. Сан түрлі сыр шертер экспозициялар арқылы болат балқыған заманның рухын, алғашқы домна пештерінің күркірі мен еңбек адамдарының маңдай терін сезіне түсесіз. Мұнан соң тағы бір таңғажайып нысан. Теміртаудың қысқы бағы. Табиғаттың төрт маусымына елегізе қоймайтын ғажайып жерде – мөңгі көктем орнаған. Субтропикалық ағаштар мен экзотикалық өсімдіктердің хош иісі, шапағатты жылуы бір сәтке болсын, теріскейдің аязды күнін ұмыттырып-ақ жібереді. Табиғат пен өндірістің осындай кереғар үйлесімі Теміртауға тән ерекше контрасттың бір көрінісі ғана.

Елордадан арнайы ат басын тіреген блогерлер мен бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енді трамвайлар аялдамасына бет түзеді. Теміртаудағы реальсті көлік – тек қозғалыс құралы емес, тірі тарих, кешегі

күнді бүгінге жалғаған сирек жәдігер. Қайта жаңғыртылған трамвай паркінің жарқыраған вагондарына отырған сәтте-ақ, уақыт дөңгелегі кері айналғандай әсер қалдырады. Жолаушылар терезеден қала көріністерін тамашалап қана қоймай, еңбек даңқымен көмкерілген болат қаланың рухын жан-тәнімен сезінеді. Айта кету керек, Қазақстанда мұндай көлік түрі небәрі үш қалада ғана сақталған. Теміртау, Өскемен және Павлодарда. Сирек кездесетін өндірістік романтика дерсіз таң қалып. Теміртау трамвайы металлургтер мекенінен жүрекке бір демде жеткен сикыр секілді.

Мұндағы қала қонағының көзқарасы да ерекше леп сыйлағандай. Орал қаласынан арнайы келген Қуан Тоқсанов Теміртаудағы трамваймен алғаш рет серуенді.

– Бір жағынан, осындай көлік түрі экологияға өте тиімді, – дейді ол. – Токпен жүреді, түтін шығармайды. Адам еркін дем алады. Күз келгенімен, қаланың көшелері кең, ағаш желегі сөтінен үлгермеген. Терек біткен Сарыарқа самалымен сыбырласып, ерекше тыныштық орнап тұр. Қала кеңістігі ашық көрінеді. Біле білгенге – бұл да бір демалыс екен, – дейді металлургтер шаһарының мейманы.

Қуанышы қойнына сыймаған Қуан мырзаның сөзінше трамвайдың жай бір жөнекей көлік емес, қала мен адам үйлесімін сезіндіре түсетін ерекше құбылысқа айналғанын аңдау қиын емес.

Әлбетте, туристке қазір қарапайым көрме залынан гөрі, шынайы атмосфера қажет.

Осы мақсатта бағдарламаға тау-кен колледжінің оқу шахтасына экскурсия арнайы енгізілген. Осы арада қошқыл көмір иісі, ауыр еңбектің лебі келеді. Саяхатшылар шахтаға түсе жүріп, көмір өндірісінің нақты үдерістерін, жұмыс барысын, қауіпсіздік жүйесін, тарихын және бүгінгі күнге дейінгі дамуын өз көзімен көреді. Өдепкі дәріс емес, жерасты өмірінің шынайы көрінісі. Сапар барысында туристер заманауи кәсіпорындарға да ат басын бұрады. Солардың бірі – экологиялық таза тұрмыстық химия өнімдерін шығаратын WEC зауыты. Мұнда дәстүрлі ауыр өндіріс пен жасыл технология ұштаспақ. Жаңа буын өндірісі, қоршаған ортаға зиян келтірмейтін заманауи шешімдерге еге. Тәжірибе келушілерге тек тарихи емес, технологиялық көзқарас тұрғысынан да жаңа таным сыйлайды. Осы бағыттарды тиімді әрі ыңғайлы ету үшін Visit Qaraganda туристік-ақпараттық орталығы бірқатар инновациялық шешімдер ұсынуда. Оның ішінде кез келген саяхатшыға қолжетімді онлайн жол сілтейтін жүйе бар. Қарапайым ғана сайт емес, нақты көмекші, туристік гидтің сандық баламасы.



Орталық директоры Бактияр Бекмұрзаев бұл туралы былай дейді:

– Жасанды интеллект арқылы әзірленген арнайы чат WhatsApp мессенджерінде қолжетімді. Ол әлемнің 180 тілінде жұмыс істейді. Кез келген адам: «Қарағандыда алдымен қайда барсам болады?», немесе «Мен Қарқаралыға барғым келеді, маған маршрут жасап берші» десе, бот бірден бағыт ұсынады. Бұл – цифрлы дәуірдің туризмдегі сенімді серігі.

Кенді өлкенің кескін-келбеті енді саяхатшылар мен инвесторларды қатар қызықтырып отыр. Жыл басынан бері аймақтың туризм саласына құйылған 13,8 миллиард теңге – осының айқын дәлелі. Қарқаралының қарағайлы орманы, Бұйра-

таудың бұйра белесі, Қызыларайдың құзар шырндары мен Балқаштың көгілдір жағалауы инвесторлар мен кәсіпкерлер үшін ашылмаған алтын қазынадай. Осындай сұлу табиғат пен бай тарихы тоғысқан өңірге енді демалыс кешендері салынып, экотуризм мен этнотуризм бағыттары белсенді дамып келеді. Туризмге салынған әр теңге – болашаққа салынған инвестиция. Орталық облыс осы ұстанымды берік ұстанып келеді. Кеншілер өлкесі енді саяхатшылар мекеніне айналса, таң қалмаңыз.

Саяхат соңы Сарандағы «Tengri Tyres» атты шина өндіретін зауыт пен жиһанға аты мәшһүр саяси репрессия құрбандарының мұражайы ҚарЛағқа экскурсиямен тәмамдалды.

...Кен иісі сіңген көне топырақ – тұтас дәуірдің шежіресі. Трамвайдың тырсылымен тербелген Теміртау көшелері, экзотика мен өндірістің үндестігі, болаттың буымен өрілген мұражайлар зерделі жанға – ұлт рухының темір өзегі рәушіт. Сарандағы шина зауыты – индустрия дәуірінің бүгінгі жаңғырығы болса, ҚарЛағ – өткеннің жүзасын ұмыттыр-



майтын үнсіз шежіре. Осы екі шеткі нүктенің арасында бүгін бір өркеніет ізашары жатыр. Қара тастың арасынан алтын жол салған еңбек иесінің қолтаңбасы ма дерсін мұны. Әредік көшеде жай ғана серуендеп келе жатып, бір қонырқай теректің көлеңкесінде салқындаған шахтерді елестетесін. Оның қолындағы күйе сіңген қасқа – тарихтың тұмарындай. Арқа өңірі қарапайым күнделікті көріністердің өзімен-ақ тұтас бір дастанға айналады. Ал, сол даңғайыр дастанды оқып, сезініп, жарыңмен ғана емес, жүрегіңмен қабылдай білу – кәнігі саяхатшының сарқыт-сыбағасы. Қайтар жолда ойға мықтап орныққан ақиқат қылаң етті. Бүгін бұл туристік бағыт болғанымен, ертең ұлт рухының бренді болмақ. Суреттерді түсірген автор

«AI-Sana» зияткерлікке серпін береді

(Соңы. Басы 1-бетте)

Негізінен аталған бағдарлама жасанды интеллект арқылы студенттердің кәсіпкерлік қабілетін дамытуды көздейді. Яғни, олар белгілі бір саланың маманы болуымен қатар, сол салада алгоритмдердің көмегімен өнімділікті арттыруды үйренеді. «AI-Sana» жобасы – дарынды жастарды жаңа білім мен кәсіпкерлікке жетелейтін, елді инновациялық даму жолына бастайтын негізгі қозғаушы күш. Мамандардың айтуынша, бұл бастама еліміздегі дәстүрлі білім жүйесіне өзгеріс енгізіп, ғылыми зерттеу бағытындағы университеттерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу орындары халықаралық тәжірибеге сай жаңа форматқа көшіп, елдің зияткерлік әлеуетін көтеріп қана қоймай, әлемдік технологиялық жарыста алдыңғы қатардан көрінуге жағдай жасайды.

Қарағанды техникалық университеті: өңірлік ЖИ орталығы

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті – еліміздегі өнеркәсіп саласының мамандарын дайындайтын жетекші техникалық жоғары оқу орындарының бірі. Университетте жасанды интеллекттің енгізу жұмысы қарқынды. Жаңа буын инженер-зерттеуші мамандарын даярлауда заман талабына сай жаңа бағдарламалар ашылып, ЖИ агенттері әзірленіп жатыр. Мұның бәрі негізінен «AI-Sana» жобасы аясында жүзеге асырылуда. Осы бағдарламаға сай Қарағанды техникалық университеті министрлік тарапынан «Зәкірлік» жоғары оқу орны ретінде тандалып, бекітілген.

– Министрлік бекіткен бағдарламаның өңірлік өкілі ретінде біздің университет тек Қарағанды аймағын ғана емес, көршілес облыстарды да қамти алады. Әр өңірлердегі «Зәкірлік» жоғары оқу орындары жасанды интеллект саласын дамытуға басымдық беріп, маман даярлау орталығы болмақ. Сондай-ақ, студенттердің стартап-бастамаларын үйлестіріп, инновациялық жобалар мен жасанды интеллект саласындағы кәсіпкерлікті дамытуға үлесін қосады, – деді университеттің стратегиялық даму



және цифрландыру жөніндегі проректоры Тимур Канапыанов.

Бүгінгі таңда «AI-Sana» инновациялық бағдарламасының негізгі кезеңінде университеттің барлық білім алушылары, яғни, 6497 адам Huawei платформасында жасанды интеллекттің базалық курстарынан өткен. Әсіресе, Машина жасау факультетінің студенттері белсенділігі байқалған.

Сонымен қоса, «AI-Sana» бағдарламасы негізінде тау-кен өндіру, энергетика, жылу желілері, сандық өйздер (цифровый двойник) бағыттары бойынша жобалар енгізілген. Университетте аталған бағдарлама аясында 5 бірдей жасанды интеллект агенті әзірленуде. ЖИ агенті ақпаратты өзі өңдеп, шешім қабылдап, адамның қатысуынсыз тапсырмаларды өзі орындайды.

Проректор Тимур Ерболатұлының айтуынша, студенттердің бұл саладағы жетістіктері айқын көріне бастаған. Айталық, нәтижелі зерттеулерінің арқасында былғы түлек А.Юришев тері қатерлі ісін сегментациялау жүйелерін әзірлеумен айналысатын астаналық компанияға Data Scientist лауазымына жұмысқа орналасты. Бұл – қазіргі уақытта деректерді талдаумен айналысатын таптырмайтын IT мамандардың бірі. Сонымен қоса, білім алушылар ұшқышсыз ұшу аппаратының нейрожелілік моделін оқыту бойынша ғылыми зерттеулер

жүргізуде. Осылайша олар жасанды интеллект саласындағы жаңа инновациялық стартаптарды ұсынуда.

Бөкетов университеті: кадрлық әлеуетін нығайтуда

Ал Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университетінде биыл «AI-SANA» инновациялық бағдарламасы аясында білім алушылар үшін Huawei платформасында базалық курс ұйымдастырылған. Нәтижесінде, бүгінгі күнге дейін 13 577 білім алушы жасанды интеллекттің базалық курсынан өтіп, сертификатқа ие болды. Университет ЖИ-курстарын оқыту бойынша Қазақстанның барлық жоғары оқу орындары арасында ең жоғары нәтиже көрсетті. Сонымен қоса, 2026 жылға дейін 5 ЖИ агентін әзірлеу жоспарланған. Университетте 2 стартап-жоба әзірленуде.

– AIGuide-KBU – интеллектуалды ЖИ-көмекшісін жасауға бағытталған бұл жоба университет ортасы үшін бірыңғай ақпараттық құрылғы ретінде қызмет атқарады. Яғни, университет студенттеріне, оқытушыларына және қызметкерлеріне нақты, дербес және қолжетімді ақпарат ұсынуға мүмкіндік береді. Ал екіншісі FinSight-AI деп аталады. Бұл жеке қаржыны басқаруға көмектесетін жасанды интеллект негізіндегі

көмекші. Ол күрделі қаржылық терминдерді қарапайым тілмен түсіндіреді, жеке бюджет пен жинақтарға қатысты ұсыныстар береді, қауіп-қатерлер туралы ескертеді, сұрақтарға ыңғайлы диалог форматында жауап беріп, қаржылық сауаттылық негіздеріне үйретеді, – деді университеттің академиялық жұмыс департаментінің директоры Тоғжан Хасенова.

Қарағанды индустриалдық университеті: ЖИ-дегі жетістік

Қарағанды индустриалдық университетінде де айтарлықтай өзгеріс байқалады. «AI-Sana» бағдарламасы негізінде ҚарМУ-дің 2020 студенті Huawei Academy және Coursera халықаралық білім беру платформаларында онлайн-курстардан өтіп, машиналық оқытудың негіздерін, деректерді талдауды, жасанды интеллектке арналған Python тілін және нейрожелілік технологияларды меңгерген.

«AI-Sana» бағдарламасы ЖИ-ді үйретуге ғана емес, өмірде қолдана білуге зер салады. Қарағанды индустриалдық университетінің студенттері бұл салада жаңа жобалар жасап, ерекше жетістікке қол жеткізуде. Мәселен, «SAP BTP Exploration Workshop: Nomad HackFest» хакатонында жеңіске жеткен. Олардың жобасы – ЖИ арқылы кадрларды автоматты түрде іріктейтін жүйе. Ол HeadHunter платформасындағы түйіндемелерді талдап, лайықты мамандарды табуға дереу көмектеседі. Бұл – университетте алған білімді өмірде қолдана алуымен байланысты дүние.

Биыл өткен стартап-жобалар байқауында студенттер оқушылардың ҰБТ-ға дайындалуына арналған интеллектуалды көмекші құрал AI-Smart ENT жобасын ұсынған екен. Қазіргі таңда жоба жетілдіріліп жатыр.

«AI-Sana» – жаңа жоба. Сондықтан, оның алғашқы сатысында студенттер мен оқытушылардың жасанды интеллект жайлы түсінік қалыптастыру, яғни базалық курстан өткізу көзделді.

Бұл жоба озық технологиялармен жұмыс жасай алатын жаңа буын мамандарын даярлап, соның негізінде жаңа инновациялық жобаларды жүзеге асыруға мол мүмкіндік береді әрі елдің зияткерлік әлеуетін көтеруді мақсат етеді. Ал, нәтижесі уақыт еншісінде. Суреттер ашық дереккөзден



Сенімді ҚЫЗМЕТТІҢ СИМВОЛЫ

9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні. Осы мерекеге орай Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында мерекелік шара өтті. «Айшылық алыс жерлерден жыдам хабар алғызған» пошта қызметкерлері бұл күні ерекше құрметке бөленді. Мерекелік шараға «Қазпошта» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Нұрланбаев арнайы қатысып, сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады. Сонымен қатар, бірқатар қызметкерге «Қазпошта» АҚ-ның Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын табыстады.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облыстық филиалы бүгінгі таңда өңірдің байланыс және қаржылық инфрақұрылымының негізгі тірегіне айналған. Пошта желісінің кенділігі мен қызмет көрсету сапасы бойынша алдыңғы қатарда. Қазіргі уақытта филиал құрамында 190-нан астам бөлімше жұмыс істейді. Олардың әрқайсысы облыстың шалғай ауылдарына дейін тұрақты қызмет көрсетіп, қала мен дала арасын байланыстырып тұр. Күн сайын филиалдың 900-ге жуық қызметкері халық игілігі үшін тынымсыз еңбек етуде.

Бүгінде «Қазпошта» бөлімшелерінде тек хат-хабар мен сәлемдеме ғана емес, екінші деңгейлі банкетердің қызметтері де көрсетіледі. Тұрғындар коммуналдық төлемдерін өтеп, мемлекеттік қызметкерлер еңбекақысын алып, ақша аударымдарын жасап, зейнетақы мен жәрдемақыларын сол жерден рәсімдей алады.

– Пошташылардың еңбегі орасан. Бір күнде мыңдаған шақырымды артта қалдырып, әр шаңыраққа жағымды жаңалық жеткізеді. Атап айтсақ, күн сайын Қарағанды филиалы арқылы 20 000-нан астам пошта жөнелтілімі, 27 000-нан астам ақша аударым, 55 000-нан астам қаржылық транзакция жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда біздің филиал республикалық деңгейде жоғарғы көрсеткіштерге жетіп отыр. Бұның бәрі – сіздердің еңбектеріңіз, – деді Ерлан Құмарбекұлы.

Облыстық филиалдың құрылымында жиырмадан астам бөлім бар. Соның ішіндегі сату бөлімі – «Қазпоштаның» жүрегі іспетті. Олай дейтініміз, дәл осы бөлім филиалдың негізгі жұмысын үйлестіріп, облыстың түпкір-түпкіріндегі халыққа сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта бөлім құрамында 11 маман жұмыс істейді. Ал, бұл бөлімді бүгінде өз ісінің майталманы, тәжірибелі маман Зәуреш Түсіпова басқарады. Жас маман 2004 жылы жоғары оқу орнын тәмамдаған соң дәл осы қарашаңырақта еңбек жолын бастаған. Содан бері табан аудармай жиырма жылдан астам еңбек еткен.

– Ауылдық елдімекендерге зейнетақы мен еңбекақының жеткізу тұрғысынан біз бірінші орындамыз. Бұл жұмысты бізден басқа ешкім атқара алмайды десек, қателеспейміз. Ақша болсын, тауар болсын, тұтынушының қолына жеткенге дейін біз оның қозғалысын үнемі қадағалап отырамыз. Жалпы, пошта арқылы көрсетілетін барлық қызмет түрі алдымен біздің бөлімде өңделеді, – деді Зәуреш Алтайқызы.

Мерекелік іс-шара барысында «Қазпошта» АҚ-ның Құрмет грамотасымен марапатталған мамандардың бірі – Айна Айтенова. Өзі бұл салада 2016 жылдан бері еңбек етіп келеді. Еңбек жолын қарапайым администратор қызметінен бастап, оператор, кейін сұрыптаушы ретінде де жұмыс атқарған. Бүгінде автотранспорт бөлімінің жетекшісі. Тауарларды жеткізіп беретін көліктердің бағытын жоспарлап, жүктердің уақытылы және қауіпсіз жеткізілуін қадағалау – осы бөлімнің тікелей бақылауында.

– «Қазпоштада» менің әкем мен анам да еңбек еткен. Сол кісілердің ізін жалғап, мен де осы салаға келдім. Өзіме жұмысым қатты ұнайды. Біз жауын-шашын да, ақтүте боранға да қарамай қызмет атқарамыз. Бір күнде жүк көлігі мен жеңіл көліктерді қосқанда 30-дан астам техника жолға шығады. «Қазпоштада» оңай жұмыс жоқ. Бірақ біздің ұжым – тату-тәтті. Бір-бірімізге деген қарым-қатынасымыз мығым. Содан болса керек, жұмысымыз да жеңіл жүреді, – деді Айна Сағатқызы.

Аймақ агроэкспорты әлеуетті ме?

«Дәстүрлі ұлттық өнімдерімізді сыртқы нарыққа белсенді түрде таныту керек. Сондықтан аграрлық экспорттың нақты жоспарын әзірлеу қажет. Онда логистика, ветеринарлық және фитосанитарлық стандарттар мен ұтымды маркетинг стратегиясы ескерілуді тиіс» – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында. Ресми мәліметке сүйенсек, елімізден 119 елге 800-ден астам тауар түрі экспортталады екен. Бұл көрсеткіш легінде Қарағанды тауарының да экспорты бар.

Сағыны ӘБІЛ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ экономикасының драйвері көмір экспорттың негізгі бөлігі болып отыр. Алайда, аграрлық салада бұл көшпен қалған емес. 2024 жылы 181,3 мың тонна өнім экспортталып, жалпы сомасы 65,8 млн АҚШ долларын құрады. Осы жылдың І жартыжылдығында бұл көрсеткіш 127,1 мың тоннаны құрап, экспорт себетіне 46,3 млн АҚШ доллары түскен.

Нақты айтқанда, аймақ экспортында өнеркәсіп саласымен қатар аграрлық саланың да бәсі басым. Жыл сайын шикізат өнімімен қатар, экспортталатын дайын өнім түрінің саны мен мөлшері артқан. Сәйкесінше, аймақтағы тауар өндірушілерде азды-көпті болсын қалталарын кампайтқаны бар. 2024 жылғы экспортталған өнім көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 51,1 мың тоннаға артық, ал биылғы жылдың қаңтар-маусым айындағы көрсеткіш 2024 жылдың көрсеткішінен 49,1 мың тоннаға көп. Яғни, аймақтағы ірі кәсіпорындар жергілікті тұтынушыларды ғана тауармен қамтамасыз етіп қана қоймай, алыс-жақын шетел нарығына да шығуда. Сапасы әлемдік деңгейде мойындалып, сенімге ие болған аймақтағы 85 кәсіпорын Еуразиялық экономикалық одақ және одаққа кірмейтін үшінші елдердің тізіліміне тауар экспорттайды.

Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Армения елдері арасында тауар айналымы жеңілдетілген. Аймақтағы шаян, балық өнімдерін өндіретін 18 кәсіпорын, ет және ет өнімдерін шығаратын 12 кәсіпорын, құс шаруашылығы өнімдерін өндіретін 16, сүт және сүт өнімдерін дайындайтын 9 тауар өндіруші күнделікті тұтынып



жүрген дүкен сөресіндегі атаулы тауарларын шетел нарығына да шығаруда. Одаққа кірмейтін үшінші елдер тізіліміндегі Өзірбайжан мемлекетінің «3 желания», «Eurasian Foods», «Шедевр» сауда белгілерімен танымал «Eurasian Foods Corporation» АҚ, өсімдік майы, майонез, маргарин мен май қоспаларымен, Сауд Арабиясы Корольдігінің «Abay Agro» және «Arai KZ» ЖШС қой және ірі қара мал еті, сонымен қатар, ет өнімдерімен, Қытай елінің «Eurasia Invest Ltd» ЖШС сүтпен қамтамасыз етіп отыр. Аймақтан Еуропалық одаққа «Balkhashbalyk» ЖШС балық өнімдері экспортталауда.

Аймақтағы балық шаруашылығы саласындағы ірі кәсіпорындардың бірі – Ақтоғай ауданындағы өңдеуші өнеркәсіп «Balkhashbalyk» ЖШС. 1932 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасап келеді. Әрі аймақтағы ірі балық экспорттаушы ретінде танымал.

– «Balkhashbalyk» ЖШС – аудандағы балық шаруашылығы саласының басты тірегі болып табылады. Балық аулау маусымы сәуір-қараша айларының аралығы болғанымен қайта өңдеу жұмыстары жыл бойы үздіксіз жүреді. Кәсіпорынның тұрақты іскер

серіктестері – «Алғазыбалық» ЖШС және «Ағыбай батыр» ЖШС. Мұздалтылған балық және ысталған, кептірілген өнім түрлері бар. Жалпы өндіріс көлемі – 112,7 млн теңге. Өнімдері Ресейге, Литваға, Германияға және Венгрияға экспортталады. Атап айтқанда, қаңтар-қыркүйек айларында Венгрияға 69,0 тонна, Ресейге 40,0 тонна жіберілді, – дейді Ақтоғай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабергенов.

Әр жылда экспортқа шығарылатын өнім түрі өзгеріп отырады. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ресми ақпаратына сүйенсек, 2024 жылы 153,5 тонна ет пен азықтүлік, 105 951,0 тонна ұн, 14 470, 9 тонна маргаринмен шетелдік тұтынушылар қамтамасыз еткен.

Ал, биылғы І жартыжылдықта шетел нарығында басымдық сұранысқа ие – сүт және сұйытылған сүт өнімдері. Тұрақты сұранысқа ие тауарлар қатарында халық күнделікті пайдаланатын ұн, балық және балық өнімдері, жұмыртқа, маргарин, макарон өнімдері бар.

Шикізатты өңдеп тауар өндіру, оны ішкі нарыққа шығару, одан әрі экспорттау оңай шаруа емес. Көп жағдайда ірі



кәсіпорындар делдалдар көмегіне жүгінеді. Біріншіден уақыт үнемдесе, екіншіден бір қолға өткізеді. Осы бір жүйенің өзінде бірқатар арнайы талаптарды орындауы қажет. Атап айтқанда, еларалық кеденде кедергі болмас үшін шетел нарығына шығатын өнімге фитосанитарлық және ветеринарлық талаптар негізінде арнайы сертификаттар беріледі. Еуразиялық экономикалық одақ және үшінші елдер тізіліміне өнімді экспорттаудың да өзіндік ерекшеліктері мен талаптары болады. Алдымен кәсіпорын Еуразиялық экономикалық одақ және үшінші елдер тізілімінде тұрға тиіс. Экспортталуға жоспарланып отырған тауардың әрбір партиясынан алынған сынамалар мемлекеттік ветеринариялық зертханаларда зерттеліп, ветеринариялық сертификаты рәсімделіп тасымалданады. Яғни, экспорттау кезінде тасымалданатын объектілерге ветеринариялық сертификатты Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің аудандық (қалалық) аумақтық инспекциялары арқылы беріледі.

– Тауар экспорттаушылар үшін алдымен сол елдің ветеринарлық талаптарын білуі қажет. Мәселен, Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне тауар жіберілсе, сол елдің тауар экспорттаушы кәсіпорындар тізімінде болуы керек. Ал, одаққа кірмейтін үшінші елдер тізіліміне тауар шығару үшін Ауыл шаруашылығы министрілігінің жергілікті ветеринарлық инспекциясына қай елге тауар жіберіп жатқандығын көрсетіп, өтініш жазды. Шығарылатын тауарлардың басым көпшілігіне ветеринарлық сертификатты өтініш бергеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде алады. Сүт, май және балық секілді дайын өнімдерге сертификат сол күні беріледі. Сертификат беруде инспекторлар кәсіпорында тексеріп, санитарлық талапқа сай екендігін қарайды. Яғни, жануарларды өсіруден бастап, сою ережесі, өнімді дұрыс сақтау және өңдеу ісін басты назарға алады. Барлық тексеруден өткеннен кейін комитет экспортқа ресми рұқсат береді, – дейді АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары Жанара Нағуметова.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Агрокешендегі көшелі көрсеткіш

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сандардың бәрі – статистика ғана емес, даладағы тіршіліктің тынысын танытатын дерек. Бірде шөп иісі, бірде жаңбыр иісі аңқыған сол алқаптарда еңбекпен өрілген өмірдің өз ырғағы бар. Биыл сол ырғақ ширақ, ал ауылдың еңсесі биік. Қазіргі ауыл бейнесі бұрынғыдай емес. Бүгінгі далада кетпен мен соқа дыбысын техниканың үні басқан, қол еңбектің күні қашқан. Оның орнын озық технология, ал тәжірибенің орнын нақты есеп пен стратегия алмастырған. Бұл – жаһандану дәуіріндегі ауыл еңбегінің жаңа сипаты, уақыт талабы мен ұлт дамуының ұштасқан тұсы.

Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне сүйенсек, ағымдағы жылдың сегіз айында агроөнеркәсіп кешеніне 38,9 миллиард теңге инвестиция тартылған. Оның басым бөлігі – 32 миллиард теңге ауыл шаруашылығы өндірісіне, қалғаны тамақ өнімдерін өндіруге бағытталған. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда екі жарым еседен астам өсім.

Инвестицияның ең басты әсері – технологиялық жаңару. Қазір егіс даласында спутник жүйесіне қосылған комбайндар, GPS арқылы қозғалысын бақылап отыратын тракторлар, өнім сапасын саралайтын электрондық өлшеуіштер жұмыс істейді. Жаңа техника – уақытты үнемдеп, өнім сапасын арттырудың кепілі. Биылдың өзінде облыс бойынша 31 жаңа жоба іске асырылмақ, жалпы құны – 47,4 миллиард теңге. Бұл жобалардың әрқайсысы – бір ауылдың жаңа тынысы. Мал шаруашылығында бордақылау алаңдары, сүт өңдеу цехтары мен агрокооперативтер құрылып жатыр. Жыл басынан бері 10 жоба іске қосылып, 287 жаңа жұмыс орны ашылған. Ауылдың келбеті осылай біртіндеп жаңарып келеді: қол еңбегінен – ой еңбегіне, дәстүрден – цифрлы дәуірге.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан көрсетілген нақты қолдау мен субсидиялар ауыл экономикасын едәуір нығайтты. 1 қыркүйекке дейін ауыл шаруашылығы құрылымдарына 15,9 миллиард теңге көлемінде мемлекеттік қолдау көрсетілген. Бұл қаржы жердің құнарын арттырудан бастап, жаңа техниканы жеңілдетілген бағдарлама арқылы алуға дейінгі түрлі бағытқа жұмсалды.

Атап айтқанда, егін шаруашылығын субсидиялауға – 5,3 миллиард теңге, мал шаруашылығына – 1,5 миллиард теңге, инвестициялық шығынды өтеуге – 4,3 миллиард теңге, ал техника мен жабдықты бағдарламамен алу кезінде пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға – 4,6 миллиард теңге үлестірілген. Бұған қоса, қайта өңдеу кәсіпорындарының өнім сатып алу шығындарын өтеуге де қаржы бөлініп отыр. Бәрінің түпкі мақсаты – ауылдағы нақты табысты өсіру, ең бастысы – еңбектің қадірін арттыру. Осындай кешенді қолдау нәтижесінде шаруалардың техникасы жаңарып, өнім сапасы арта түсті.

– Мемлекет тарапынан жасалып жатқан қолдау шаруаларға үлкен серпін беріп отыр. Қазір фермерлер тек өнім өсіруден шектелмей, оны өңдеуге, экспортқа шығаруға бет бұрды. Ең бастысы, ауылдағы еңбек бағаланып, өз жемісін береді, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Дала тынысы – ел ырысы

Ауылдың тұрмысы түзелсе, елдің еңсесі тіктеледі. Осы бағытта Ақтоғай ауданында ауыл шаруашылығы саласында ауқымды жұмыстар атқарылып, оң көрсеткіштерге қол жеткізілді. Ақтоғай ауданы – агроөнеркәсіп кешенін дамытуға басымдық берген өңір. Бүгінде аудан экономикасында ауыл шаруашылығының үлесі зор. Жалпы өнім құрылымында 66 пайызы – мал шаруашылығына, 34 пайызы – өсімдік шаруашылығына тиесілі. Бұл бағыттағы жұмыс күн санап жанданып келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында атап көрсеткендей, ауыл шаруашылығы – елімізді азықтүлікпен қамтамасыз етеді. Бұл міндеттер аудан аумағында нақты істермен жүзеге асуда. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы 2024-2028 жылдарға арналған жоспарына сай қарқынды дамып келеді. Бұл туралы Ақтоғай ауданы ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Нұрланбек Жаңабергенов мәлімдеді.

Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мал шаруашылығы – аудан тірегі

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында: «Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет соңғы жылдары реформа жүргізіп жатыр. Қомақты қаражат бөлінуде. Биыл шаруаларды қолдауға бір триллион теңге жұмсалды. Қажетті несиелер уақытында берілді. Мұндай ауқымды қолдау елімізде бұрын-соңды болмаған», – деп атап өтілді. Бұл сөз бүгінде шаруашылықтың тізгінін ұстаған әр фермердің бойында үміт, жауапкершілік туырады. Ауыл шаруашылығына ерекше назар аударылып, Ақтоғай ауданы бұл бағытта нақты істерімен үлгі көрсетуде, – деді бөлім басшысы.

Биылғы жылы ауданда 4 638,4 тонна ет, 15 817,8 тонна сүт, 821,3 мың дана жұмыртқа өндірілген. Ет пен сүт өндірісіне өсім байқалып, былтырғы көрсеткішпен салыстырғанда 107,4 және 101,8 пайызға артқан. Ал, құс шаруашылығы саласында аздап төмендеу байқалады – 95,8%. Мал басы бойынша да оң динамика бар. Атап айтқанда, ірі қара – 71 602 бас (99%),

қой-ешкі – 142 118 бас (100,9%), жылқы – 53 666 бас (102,3%) құрады. Асыл тұқымды мал басы да артып келеді. Мал сапасын арттыру мақсатында тұқым түрлендіру жұмыстары жолға қойылған. Ақпараттық талдау жүйесіне 381 шаруашылық тіркеліп, 32 422 бас ірі қара мал тіркелген. Оның ішінде, 1 860 басы – асыл тұқымды. Бұл – жалпы ірі қараның 5,7 пайызы. Қой шаруашылығында 6 450 бас асыл тұқымды қой бар, оның ішінде, 3 781-і – саулық. Атап айтқанда, «Жамшы» және «Сәрсенбек» шаруа қожалықтары дегерес тұқымды қой өсіруде белсенділік танытып келеді. Биыл осы бағытта 15 ұрғашы және 75 аталық мал сатылып, асылдандыру жұмыстары жалғастырылуда. Шаруалар қоныстанып отырған қыстақ мәселесі де басты назарға алынған. Мамандардың айтуынша, аудандағы 283 қыстақтың 86-сы ғана электр жарығына қосылған. 2014-2020 жылдар аралығында 151 шаруашылыққа күн панелі орнатылған. 460 құдықтан мал су ішеді. Бұл бағытта әлі де кешенді жұмыстар атқарылууда.

Өсімдік шаруашылығында нақты нәтиже бар

Көктемгі дала жұмыстары толық орындалып, оң нәтижелер көрсеткен. Биыл 4 шаруа қожалығы 580 гектарға дөңді



Сурет ашық дереккөзі

дақыл сепкен. Оның 200 гектары – бидай, 380 гектары – арпа. Орташа өнімділік гектарына 13,6 центнер, ал, «Ерасыл» шаруашылығы әр гектардан 24 центнер өнім алып, рекорд жаңартқан. Сондай-ақ, 27 гектар картоптан 675 тонна, 12,5 гектар көкөністен 325 тонна өнім жиналған. Ел арасында түрлі болжамдар айтылса да, байырғы малшылар биыл қыс жайлы болады деп отыр. Дегенмен, қыстақтарда қоныстанған малшылар әдеттегідей суық та қатал қысқа дайындалуда. Мал азығы жылдағыдай дайын, қысқа қам бар көрінеді. Қыстаққа түсетін мал басына – 318 мың тонна мал азығы қажет болса, дәл осы көлем дайындалған. Оның ішінде, 4 250 тоннасы – көпжылдық шөп, 254 мың тоннасы – тасылған шөп. Аудан әкімінің №20 өкімімен арнайы штаб құрылып, әр бейсенбі күні тұрақты отырыс өткізіліп отыр. Ауылдармен меморандум жасалып, 90 әлеуметтік көмекке мұқтаж отбасыларға

жеңілдетілген бағамен шөппен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, техника жаңарту етілгенде. Ауданда 2 276 дана ауыл шаруашылық техникасы бар. Биыл оның 110-ын жаңарту тапсырмасы берілген болса, қазіргі күні 80 техника (оның ішінде, 33 трактор, 1 погрузчик және 46 өзге техника) сатып алынды. Орындалу – 73%.

Инвестиция көлемі өсті

Биыл ауданға АӨК саласына тартылатын инвестиция көлемі 933 млн теңге деп жоспарланса, 8 айда 420 млн теңге инвестиция тартылып, былтырғыдан 182,3% жоғары көрсеткішке қол жеткізген. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында 12 жеке кәсіпкер мен 6 кооперативке жалпы 231 млн теңге несие берілген. Бұл жобалар негізінен мал шаруашылығы мен техника алуға бағытталған. Президент тапсырмасына сәйкес ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда.

Ақтоғай ауданы

Ұлылық феномені



Адамзат тарихындағы барлық ойшылдар Адам баласын зерттеп, сол арқылы Өмір атты ілімнің қыр-сырына үңілген, адамның құдіретті һәм күрделілігінің аркасында оның тек Жақсылық ғана емес, Жамандыққа да алғышарттар жасайтынын дәлелдеген. Көпшілігі жеке адамға, қайраткерге, әміршіге сөз арнаса, Абай барша адамзатқа ой тастады, толық адам концепциясын жасады, Шәкәрім оның ілімін жалғастырып, ар тазалығын идеал ретінде ұсынды. Алайда осы уақытқа дейін сиректеу айтылып келе жатқан бір тұжырым бар: ол – XX ғасыр басында Ә.Бөкейханұлы, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедов, М.Шокай, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков секілді ұлылардың бастамасымен дүниеге келген Алаш феноменінің сол Абай ілімінен бастау алуы еді... Ол ұлылардың алғашқы легінде тұрған жан – Міржақып Дулатов болатын.

М.Дулатов туралы өткен XX ғасырдың сексенінші жылдарының соңында тәуелсіздік желінің лебі біліңісімен-ақ оны сақтау жолында ірі өрлеу басталып еді. Сәл кештеу басталса да, ақыры ақталды. Шығармалары бірнеше рет жарыққа шықты, бертінде ол туралы диссертациялар жазылып, зерттеу еңбектері жарияланып келеді. Артында қалған мұрасы барлық деңгейдегі оқу орындарының бағдарламаларына енгізілді. Ғылыми бас қосулар, мәжілістер өтуле. Біртуар перзенттің есімін мәңгі есте қалдыру үшін бірталай игілікті іс-шаралар (оқу орындары, көше, т.б. мәдени, өнер нысандарының ақын есімімен аталуы т.с.с.) жүзеге асырылды. Көпшілікке кеңінен мәлім жайттарды бұл шағын дүниеде қайталап шығу ретсіндеу болар, біз тек сирек айтылып жүрген толғамдарды, шолу санатындағы еңбектерде қысқа ғана түйінделіп жүрген пікірлерді сәл тереңдете қарастырмақпыз.

М.Дулатовты ақындық, педагогтік, ағартушылық, демократтық, драматургтық, қайраткерлік тұрғысынан алып, әр саланың білгірлері қарастырып келеді. Әдебиеттанушылар оның «Бақытсыз Жамал» атты шығармасының тұңғыш қазақ романы екенін атап, идеялас, бағыттас, сол кезеңнің нақты хал-ахуалын кескіндеген басқа да авторлар дүниелерінен органикалық бірлікте қарастырды. «Оян, қазақ!» шығармасы қазақтың сол уақыт аясындағы аса қуатты саяси маңызына жан-жақты саралау жүргізді. Үлкен жетістік. Тамаша тұжырым.

Біз өз тарапымыздан төмендегілерді айтапықыз.

«Бақытсыз Жамал», сөз жоқ, сол уақыттың ең өзекті мәселелерінің біріне арналған туынды. Әйел тағдыры барша оқыған азаматтарды, әсіресе С.Көбеев, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Әуезов, Б.Майлин секілді суреткерлерді алаңдатқан. Олар осынау келеңсіз жайтқа өз шығармаларын арнады. Күресті, жағдайды түзетуге ұмтылды. Ал, терең зердемен үйілген адам М.Дулатов рома-

нындағы бірнеше астарлы ойды аңғарар еді. Жамал тағдыры, оны трагедиялық жағдайға жеткізген орта...

Автор қазақтың өз билігі өзінде тұрған кездегі тектілік, дегдарлық, асқақтық – бәрі де патшалық Ресейге бодан болысымен-ақ бірте-бірте ұсақталып, халықтың мәңгірттенуге шак қалғанын емеурінмен жеткізе алған. М.Әуезовтің «Қорғасыздың күнінде» екі мықты, алайда, адам атын жамылған қос зұлым жемтігін іздеген қорқаудай бейшара, міскіндер ауылына тақалғанда, автор оң жақ қапталда қалып бара жатқан Күшікбай батырдың бейітін баяндаушы еді ғой. М.Әуезов сол Күшікбай заманында, аргысын айтпай-ақ қояйық, сәл бертінде-тарды бұл шағын дүниеде қайталап шығу ретсіндеу болар, біз тек сирек айтылып жүрген толғамдарды, шолу санатындағы еңбектерде қысқа ғана түйінделіп жүрген пікірлерді сәл тереңдете қарастырмақпыз.

М.Дулатовтың әйгілі «Оян, қазақ!» шығармасы да шыңғырған шындыққа, ашы ақиқатқа толы болуымен ғана емес, бәрінен бұрын, сана серпілісі мен сілкінісіне үндеген туынды. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп күніренсе де, ұлтының тектілігіне, ерте ме, кеш пе, сілкінетініне шүбәсіз сенген Абайдай сол тұста Міржақып та халқына сенгендіктен, оны құлай сүйендіктен «ОЯН!» деп ұрандатты. Міне, ұлы мен ірінің әйгілі шығармаларындағы үндестік сыры осында.

Міржақып Дулатовтың туғанына 140 жыл толуы – тек мерейтой ғана емес, оның идеяларын жас бұынға танытып, ұрпақ санасына сіңіруге мол мүмкіндік. Бұл – ел тәуелсіздігін қадірлеуге, өткеннен сабақ алуға, келешекке сеніммен қарауға үндейтін тарихи сәт.

Қ.ҚАЛЫБЕКОВА,
Қ.ХАМЗИНА,
Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық
университеті

• ТАНЫМ

Алаш петициясының авторы

1864 жылдың ақпанында жазылған Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың «Сот реформасы туралы» еңбегі – таза ниетпен күндей де, қарғамай да ақылмен, өз жүрегіне қорықпай терең бойлап бара алар, іргелі істен үміт үзбес, дүние қызығына алаң болмай, асықпай, ерінбей, түпнұсқадан түбегейлеп оқуға талпынған ойлы оқырманға арналған сот ғылымының соны сөзі.

Қазіргі уақытта көпшілікке Шоқан сөзінің сыры Жалғызтаудағы бітік тастарда белгісіз тілде жазылған білім іспеттес жұмбақ көрінері де шындық.

Жаңағы жұмбақ білім таңбаланған бітік тастар – байырғы Байбөрі жұртындағы Жақсы Абыралы тауының солтүстік-шығысында оқшау жатқан Жалғызтаудың бойында әлі күнге дейін сыры ашылмай, оқылмай, шешуі табылмай жүрген артефакт. Ол үшін Жалғызтаудың таңбалы тастары мен Шоқан жазбасының ешбір жазығы жоқ, оған кінәлі немкеттілік, еріншектік.

Жалғызтау мен Шоқан сөздері алғашқыда 1903-1904 жылдары Ресей императорлық орыс географиялық қоғамының жазбаларында жарық көрген. Жалғызтаудағы жұмбақ тілдегі бітік тастар туралы Қарқаралы уезіне қарайтын Абралы болысынан түскен ақпарат географиялық қоғамның Батыс Сібірге қарайтын Семейдегі бөлімшесінің жазбасында «Семей облысындағы ескінің ескерткіштері» деген атпен Н.Коншиннің авторлығында 1903 жылы жарияланды (1-32 бб.).

Шоқанның шерлі сөзі 1904 жылы Санкт-Петербургте Императорлық Орыс географиялық қоғамының этнография бөлімшесінің ғалымының шығармаларына арналған XXIX томында жарық көрді.

Ғалым Шоқанға арналған бұл том «Сочинения Чокана Чингисовича Валиханова» деп аталса, біз сөз қылып отырған жазбаның атауы «Записка о судебной реформе у киргизов Сибирского ведомства» деп көрсетілген. (151- 178 бб.) Кейінгі советтік заман оны «Записка о судебной реформе» деген атаумен ғылым айналымға қосып жіберді. XXIX томда да Шоқан сөзінің атауы дұрыс, әлде бұрыс берілді деп тап басып айта алмаймыз, өйткені жинақта түпнұсқаның көшірмесі жарияланған. Шоқан сөзінің көшірмесін 1887 жылы Г.Потанинге генерал-губернатор Г.Колпаковский жолдаған. Ал, Колпаковскийге түпнұсқадан кім көшіріп бергені әзірше бізге беймәлім.

Түпнұсқаның көшірмесі жайында жинақ редакторы Н.Веселовский кіріспе сөзінде келесідей түсіндірме келтіріпті: «копия докладной записки штабс-ротмистра Валиханова по вопросу об устройствѣ судебной части въ Акмолинской области, составленной на основаніи наблюдений и фактовъ, заимствованныхъ изъ дѣлъ областного правленія и окружныхъ приказовъ...»

Редактор Н.И.Веселовский-

дің кіріспелік түсіндірмесі де жинақтағы Шоқан жазбасының мән-мағынасын, мақсатын толық ашып беріп отырған жоқ.

Шоқанның осы ресми жазбасы 1863 жылдың жазында қырдағы қазақтың сот билігіне қатысты ұйымдастырылған экспедицияның құрамындағы соңғы сапарында туған сот ғылымы туралы сөзі еді.

Сол себептен Омбы архивінен Шоқан сөзінің түпнұсқасы табылғанша қазақ оқырманына Шоқан сөзінің құқығын бұзбай, мәтін мәніне, ішкі сырына сәйкес түзу жеткізу үшін «Сот ғылымының соны сөзі» деген қазақша ат қоюға үкім еттік.

1863 жылдың 13 мамыр күні Батыс Сібір генерал-губернаторы А.Дюгамель әскери губернаторға штаб-ротмистр Шоқанның Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл округтеріне қызметтік сот сапарына қатысуға шақыру қағазын жолдаған болатын.

Шақырудың сыр-себебі 1862 жылы Орталық отарлаушы билік бастаған сот жүйесіне өзгертулер енгізу ісін өз аймағында уақытылы жүзеге асыру мақсатында Омбы билігіне ғалым Шоқанның сот ғылымы саласындағы білімі, білігі, беделі керек еді. Сол себептен, сот реформасына қатысты қазақ халқының пікірін ресми жинау қажеттілігі губернаторды Шоқанды қазақ округтеріне шыққан комиссия құрамына заңды түрде енгізуге мәжбүр қылған. Осы арада біз Шоқанның халық арасында сот реформасына қатысты сауалнама жүргізетін мемлекеттік іс-сапарындағы құқықтық мәртебесін мен заңды өкілеттіктерін ашық анықтап алуға тиіспіз.

Шоқан 1861 жылы Ресейдің шетел істер министрлігінің Азия департаменті қызметін сыртқына байланысты уақытша доғарып, дертіне дәрмен таппақ оймен еліне оралған. Департамент директоры 1863 жылдың 6 шілдесінде Шоқанға сұрау салып, Омбыға жеддел хат соғады, алайда, ол уақытта Шоқан аталмыш сапармен қырға шығып кеткен еді.

Батыс Сібір генерал-губернаторлығының бас басқармасы жанында құрылған Сібір қазақтарына қатысты сот реформасын жүргізетін комитет экспедиция сияқтан материалдар негізінде өз тұжырымдамасын ұсынады.

Комитеттің қорытындысымен танысқан Шоқан олардың пікірімен келіспей, өзінің наразылығын Батыс Сібір патшасы Дюгамельге 1864 жылдың ақпанында жазбаша түрде түсіреді. Ресми хатта Шоқан экспедиция басшысы



Яценкоға тапсырылған істе өзін оның көмекшісі һәм қызметкері ретінде атап өтеді.

Бұл деректер Шоқанның 1863 жылдың жазында биліктің арнайы экспедициясына ғылыми қызмет субъектісі, сот ғылымының сыншысы, сарапшысы ретінде шақырылғанын дәлелдейді.

Шоқан да алдағы сот реформасына қатысты ойын жалпы реформа дегеніміз не деген таза ғылыми ескертпеден бастайды да, мұқым мәтін бойында ғалым ретінде отарлау орталығы ойластырған империялық сот реформасын қазақ ортасына толығымен енгізу ешбір пайда әкелмейтін мағынасыз шаруа деп қарсылық білдіріп, әділет ісіне терең бойлап қатты сөйлейді.

Ғалым Шоқан өз тұжырымдарының теориялық тұрғыдан дұрыстығына дәлел ретінде «әлеуметтік әділдік» терминін енгізген замандасы ағылшын ғалымы Джон Стюарт Милье де сілтеме жасайды.

Шоқанның ғылым сөзінен тән мен жаннан тұратын адам баласы әуел баста мінсіз нұрдан жаралса да, тіршілікте дүние өміріне алаң көңілмен адаспай, қате баспай тұра алмайды, менмендікке салынды, түзел дегенге, тыйым салып, тоқтау айтқанға, тәртіп тежеуіне надандықтан көнбеді, сол себептен әлеуметтік әділдікке қажеттілік тіршілік жаралған сәттен туындағаны тарихи шындық екенін табасыз.

Алғылардың ақылдысы, толымдысы, білімдісі неше мәрте Жалғызтаудың төбе басына шығып, ойға шомды, толғанды, кемдігіне қорланды, тәңірімен тіл-десті, таза мұсылман, толық адам болмақ жолын іздеді, кенесе келе сот құрды, төбе басы биін сайлады (Теодор Моммзен История Рима I том. 6.53)

Төбе басы биі түп иенің шеберлігін үлгі-өнеге қылып, қисық істі түзетерлік жол нұсқады, әділет сөзі тек сотқа тән деп үкім шығарып, барша жауапкершілікті сотқа жүктеді (Бенвенист Эмиль. Словарь

индоевропейских социальных терминов. 300 б.).

Жылдар өз жөнімен жылжып жүріп жатты, Жалғызтауда жарияланған сот үкімдері жиылды, жатталды, жадыда сақталды, тас бітікте таңбаланды, жазу-сызу шыққанда заң кодексіне түзілді, заң шығарушы институт атқарушы билікті жаратты, келе-келе мемлекет құрылды.

Жаһандық Жалғызтауда өзіне жүктелген жауапкершілік жолымен жүріп өткен алғашқы халықтық сот институтының үкімдері тежемелік һәм тепе-теңдік қағидасымен қызмет қылу қағидасын енгізіп мемлекеттік биліктің біртұтастығын бекітті. Осы жолғы экспедицияда да үкімет өкілі қойған сауалға барлық округтердегі қазақ бірден, бірауыздан қазақ сотын қорғап шықты.

Қазақ елі Шоқанға «жат жұртқа бағынбай, өз елдігін сақтап қалып, іргесін бөлек салып келген, бар тілектің басын бір жерге қосатын жалғыз тамырымыз – байырғы еркін билер соты институтын ежелгі қалпында сақтап қалу керек» деп талап қойды.

Қыр қазағы Шоқанға «Қазаққа адал қызмет қылған Абылай бабаңды ұмытпа! Патша алдында еліңнің арын ақтап ал, барыңды сал, шыққан тамырыңды сақтап қал! Жаз! Жаһандық қаһан қаламыңнан қазақтың ойы түзу түссін ақ қағазға!» деп ел тағдырын аманат қылып тапсырады.

Ұлтынан адал ұлы Шоқан ел талабын ақ патшаның Батыс Сібір жұртындағы бастығына таза, толық күйінде жеткізді. Ғылым көзімен барласаңыз, Шоқан жазбасы – Алты Алаштың алғашқы құқықтық петициясы.

Әрі бұл – ғалым Шоқанның арғы қазақтың ар сотын қорғап сөйлеген ғылыми соны Сөзі еді! Соңғы Сөзі!

Марат АЗБАНБАЕВ

Сурет ашық дереккөзден

• ХАЛЫҚ АҚЫНЫ ДОСКЕЙ ӘЛІМБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА –175 ЖЫЛ

Доскей оқулары дәстүрге айналады

Бұқар жырау ауданындағы Доскей ауылының жанадан салынған Мәдениет үйінде биыл туғанына 175 жыл толған халық ақыны Доскей Әлімбаевтың мерейтойына арналған Доскей оқулары өтіп, оның дастандары жинақталған «Біржан сал бата берген ақын болдым...» кітабының тұсаукесері болды.

Орталық Қазақстан»

Бұл ауданда бірнеше жыл бұрын бастау алған Бұқар жырау оқулары бүгінде облысымыз бен республикамызға қанат жайса, енді бірінші рет ұйымдастырылған Доскей оқулары да жыл сайын дәстүрге айналатын болады. Оны «Өлеңім, бала жастан досым едің...» тақырыбында өткізген осы ауылдың Дариға Біләлова бастаған кітапханашыларының көздегені де осы.

Сол күні Мәдениет үйіне келген көпшілік фойдегі Доскей ақының портреті, слайд-тұсаукесер, кітап көрмесі, ақпараттық жарияланымдар, жадынамалармен танысып, сахна төрінде Доскей Әлімбаевтың биыл басапан шыққан «Біржан сал бата берген ақын болдым...» дастандар жинағы тұсаукесеріне куә болды. Оның лентасын Доскенің осы кітапты жарыққа шығарған ұрпағы, «Қазақ радиосының» құрметті ардагері, белгілі ақын Бүркіт Ысқақовтың қызы Айгүл мен Бұқар



жырау ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Мүгілсім Шибасева қыып, Бұқар жырау аудандық мәслихатының төрағасы Асхат Әли құттықтау сөзінен кейін Айгүл апамызға камзол кигізді.

Өз кезегінде нағашы атасының мерейтойына құр қол келмеген Айгүл Ысқакова да доскейтанушылардың бірі, әріптесіміз Ермек Балташұлы мен аудандық орталықтандырылған кітапхананың директоры Айгүл Жексенбаева

мен доскейлік кітапханашы Дариға Біләлова, осы іске атсалысқан бірнеше адамға өз атынан сый-сияпат жасап, кітаптың біраз данасын ауыл кітапханасына сыйлады

Кітаптың аты айтып тұрғандай, 96 жыл ғұмырында Доскей ақын қазақтың Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, Орынбай сияқты даңқты ұлдарымен кездесіп, атақты Біржан салдың өзінен бата алған екен. Оның Үкілі Ыбырай, Ақан серімен және соқыр Ажармен айтыстары сақталып, соңында жоғарыдағы кітапқа енген «Кенесары», «Қажымұқан», «Ас», «Бақыт іздеген тазша», тағы да көптеген дастандары қалған. Кезінде заңғар жазушымыз Мұқтар Әуезов «Революциядан бұрын талай айтыста сан ақының алдын ораған, топ жарған Доскей, Шашубай, Нұрпейістер де Жамбылдан өрнек алып, өздерінің суырыпсалма ақындық өнер қуаттарын халық тілегіне бағыттады» деп баға берсе, тарихшы Ермұхан Бекмаханов «Доскей ақының Кенесары Қасымов туралы естеліктері төңкеріске дейін халық арасында кең тараған. Доскейдің әңгімелері ертегі түрінде құрылғанына қарамастан, олар халықтың Кенесары көтерілісіне көзқарасын айдан анық көрсетіп берді, сондықтан да бұл

әңгімелер тарихшылардың назар аударуына тұрарлық» деп жазған. Осы «Кенесары» дастаны үшін Доскей ақын тоқсан жасында торға түсіп, жер аударылмағанмен, ол өлгеннен кейін Қарағанды қаласында оның атына берілген көше (қазіргі Сәттар Ерубаев көшесі – автор) мен Қазақ драма театрының атауы алынып тасталған.

Міне, енді мәңгіге тыныш тапқан жерінде Доскей ақын оқулары өтуі де оның халық жүрегінен өшпегінінің белгісі. Ол 3 аталымнан тұрып, бірінші «Жас қалам» байдауында 16 жастан асқан ақындар Доскене арнаулары мен еркін тақырыптағы өлеңдерін оқып, онда бас жүлде Нұрлыбек Төкенге бұйырды. Ал келесі «Жол салдым өлеңіммен мен өмірге» аталымында 15-22 жас аралығындағы жастар Доскей ақының туындыларын жатқа, мәнерлеп айтуға тиіс болса, домбырамен «Кенесары» дастанын мақамына келтіре жырлаған жас жыршы Дарын Дәурен алдына қара салмады. Ең соңғы «Ән шашу» аталымында әнші-жыршылар Доскей Әлімбаевтың жыр-толғауларын белгілі бір аспапта әуенге салып орындауы керек-ті.

Бұл сынға ауданға танымал Қалиаскар Шыныбектегі, Оразбек Жұмашев, Дәулен Әділ, Әділхан Төле-

геновтей әншілер қатысып, кейбірі ақын өлеңін өзі шығарған сазымен шырқады. Мәселен, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы, Қазақстан Республикасы Мәдениет саласының үздігі Қалиаскар Шыныбектегі ақынның «Қосбасқан» өлеңін өзінің әуенімен орындады.

Қазылар алқасы Доскей оқуларына қатысушылардың бәріне әділ бағасын беріп, олардың бірде-бірі алған орындары мен көрсеткен өнерлеріне қарай құр қол қайтпай, дипломдар және Алғыс хаттармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды. Доскей ауылдық округінің әкімі Рүстем Исайыновтың Алғыс хаттары осы мерейтойлық шараны ұйымдастырып, өткізушілерге берілді. Бұл күнгі мерекеде Доскей ақын туралы бейнеролик пен жазушы Николай Пичугиннің «Город в пути» деген кітабының Доскей ақынға арналған алтыншы бөлімі экраннан көрсетіліп, ол Дариға Біләваның сөзіне жазылған Қанат Мерсалимовтың «Мәңгілік елім» әнін жергілікті өнерпаз Сағымбай Әділжанның әсем орындауымен түйінделді.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Жанұзақ МАКИШЕВ

• АГРОКЕШЕН

Фитосанитарлық қауіпсіздік — азықтүлік тұрақтылығының кепілі

Ауыл шаруашылығы саласы — ел экономикасының негізгі тіректерінің бірі. Бұл бағыттың тұрақты дамуы мен өнімнің сапасы ең алдымен фитосанитарлық қауіпсіздікке, яғни өсімдіктер және ауыл шаруашылық дақылдарын зиянды организмдер мен аурулардан қорғау шараларына тікелей байланысты. Қарағанды облысында бұл бағытта жүйелі жұмыстар атқарылып келеді.

Өңірімізде бұл салада Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы қызмет атқарады. Мемлекеттік орган басшысы Жасұлан Ешмұқановтың айтуынша, мекеменің негізгі мақсаты — облыс аумағында фитосанитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, өсімдік өнімдерін аса қауіпті зиянкестерден, аурулар мен карантиндік объектілерден қорғау.

— Аграрлық саланың даму деңгейі қашан да еліміздің экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылығын анықтайтын фактор болып табылады, — деп санайды бас инспектор. — Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығын дамытпай, бәсекеге қабілетті экономика құру мүмкін еместігін, бұл салада шешімін таппай келе жатқан өзекті мәселелердің бар екендігін атап айтқан болатын. Сол мәселелердің бірі — ауыл шаруашылығы дақылдарын, егістік және жайылымдық алқаптарды, төрт түліктің қорегі жемішоп алқаптарын зиянкестерден қорғау мәселесі. Жалпы республика аумағында азықтүлік қауіпсіздігін және қалыпты фитосанитариялық ахуалды қамтамасыз ету өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі міндеттерінің бірі екендігі баршаға аян.

Спикер фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында облыс аумағын

ямен қатар ведомствалық ұйым — Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығының облыстық және аудандық филиалдары әрекет етеді. Орталық мамандары қауіпті организмдердің және аурулардың, карантиндік объектілердің таралу болжамын жасайды, сол болжам негізінде ағымдағы жылға химиялық өңдеу жұмыстарының жоспары жасалады.

Аумақтық инспекция басшысы бүгінгі таңда шегірткенің таралу қарқыны біршама артып отырғанын растады. Оның айтуынша, шегіртке зиянкестері үйірлі және саяқ болып екіге бөлінеді, соның ішінде үйірлі шегірткелер ауыл шаруашылығы дақылдарының аса қауіпті зиянкесі тізбесіне енгізілген.

— Қарағанды облысы аумағында үйірлі шегірткелердің итальяндық прус атты түрі кең таралған, — деп бөлісті спикер. — Олардың дәнді-дақылдарды, көкөністер мен бау-бақшаларды, жайылымдықтар мен шабындықтарды отап, айтарлықтай зиян келтіретіндігі баршаға белгілі. Шегіртке дернәсілдеріне уақытылы өңдеу жұмыстары жүргізілмесе, қатты ыстықты және құрғақшылық жылдары олардың алып жатқан аумағы бірнеше есеге ұлғаюу қаупі бар. Биыл Әдістемелік орталығы мамандарымен аса қауіпті және қауіпті зиянды организмдер мен карантинді организмдерге қарсы зерттеу жұмыстарын жоспар бойынша 5,4 млн гектар аумақта жүргізу жоспарлан-



бақылау жүргізуге Инспекция тарапынан 26 инспекторлық құрам және ЖАО тарапынан, 7 аудан әкімдіктерінен және 35 ауылдық округ әкімдіктерінен мамандар тартылып, жалпы зерттеу жұмыстары мен күрес шараларын қосқанда үйірлі шегірткелерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына барлығы 136 адам қатысты.

Жасұлан Ешмұқановтың айтуынша, шегіртке зиянкестеріне қарсы жыл сайын жүйелі түрде химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіліп жатқанымен, зиянкес популяцияларын біржола құртып жіберу мүмкін емес. Олардың тек сан мөлшері ғана азайтылып отырады.

— Жыл сайынғы химиялық күрес жұмыстары ұйымдастырылып, қаншама адам жұмылдырылып, қаражат бөлініп жатқанымен олардың таралу аралы кей жылдары өршіп кетеді, — деп атап өтті инспекция басшысы. — Бұл жерде «неге» деген сұрақ туындайды. Бұған жауапты бірнеше саты бойынша қарастыруға болады. Біріншіден, шегіртке — «көшпенді» зиянкес, яғни ол бір жерде ғана тұрақтап тұрмайды және ол жаппай миграция жасаған кезінде бірнеше мыңдаған шақырымды артқа тастап ұша алады. Сондықтан оған қарсы күрес шараларын көршілес тұрған аудан, облыс, тіпті шекаралас ел болып бірлесу жүргізу қажет.

Екінші мәселе — қазір дүние жүзінде болып жатқан ғаламдық жылыну, күн сәулесі белсенділігінің артуы, су қорының азаюы, жағалаулардың құрғап қалуы мен теңіз жағалауында жаңа аралдардың пайда болуы сияқты табиғи құбылыстар зиянкес араларын арттырып отыр. Ал үшіншіден, осы саладағы көптеген ғалым шегіртке зиянкесінің әрбір 11-12 жыл сайын саны көбейіп шарықтау шегіне жетіп барып қайта бәсеңдейтінін айтады. Көп жылдар бойы жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін салыстырмалы түрде есептегенде, үйірлі шегіртке зиянкестерінің облыс аумағында жоғары көтерілуі 1999-2000 жылдар, 2010-2011 жылдар, одан кейінгі жаппай көбею кезеңі 2024-2025 жылдарға сәйкес келіп отыр.

— Биылғы жұмыстарымыз өсімдіктер қорғау саласында осымен аяқталды, зерттеу жұмыстары қорытындыланды, келесі жылға қазір жоспарларды нақтылап отырмыз, — деп жалғастырды сөзін спикер. — Қорытындылай келе айтатынымыз биыл өңірде желді шаралар кезеңінде өңдеу жұмыстарының мониторинг шараларының уақытылы және сапалы жүргізілуіне сай облыс аумағына, шалғындар мен жайылымдарға зиянкестер мен аурулар зиян келтірмеді. Бірақ бұдан бөлек қазір жұмыстар өсімдіктер карантин саласында жалғасып отыр. Өсімдіктер карантинінің негізгі міндеттері бұл Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден немесе карантинді аймақтан карантинді объектілердің әкелінуінен немесе өз бетін енуінен қорғау, карантинді

объектілерді анықтау, оқшаулау және жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасының олар жоқ аймақтарына олардың енуінің алдын алу, өсімдіктер карантині саласындағы заңнамасының сақталуына мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау жүргізу болып табылады.

Мекеме басшысы атап өткендей, осы мақсатта карантиндік объектілердің таралған ошақтарын анықтау жұмыстары жыл сайын жүргізіледі. Ағымдағы жылы 57661 гектар алқапқа зерттеу жұмыстары жүргізілді, оның ішінде: (жатаған (қызғылт) уекіре — 52497 га, американдық ақ көбелек — 343 га, жұпсыз жібек көбелегі — 670, батыстың гүл трипісі — 2 га, қызанақ күйесі — 80 га, қызанақтың вирустық аурулары — 99 га, картоптың алтын түстес нематодасы —



165 га, картоп рагы гүлдену кезеңінде — 71 га, картоп рагы жинау кезеңінде — 90 га, картоптың Зебра чіпі — 60 га, жеміс ағаштарының күйігі — 54 га, қоныр мәрмәр қандала — 40 га, арамсою — 3490 га.

— Өнімдер бізге күн сайын келіп отырады, бізден күн сайын шығып отырады, — дейді Жасұлан Ешмұқанов. — Бұл негізінен астық өнімдері: бидай, арпа немесе ұн. Ал бізге келіп отырғандары, мысалы, ағаш материалдары бар, күнделікті көкөніс, жеміс-жидек, гүлдер бар. Карантинді объектілердің біздің елімізге, облысымызға кіргізілуін біз қадағалаймыз, оны болдырмауымыз керек. Ол келген жағдайда біздің мына өсімдіктерге едәуір экономикалық жағынан болсын, экологиялық жағынан болсын зиян келтіреді. Сондықтан заң бұзушылықтар анықталған жағдайда айыппұл салынады. Мөлшері әртүрлі. Жеке тұлғаға 20 ЕАК болса, заңды тұлғаға категориясына байланысты 100 ЕАК-ке дейін барады. Бізге қойылған міндет бүкіл жүктердің бәрін таза ұстау, келген жүктерді мұқият қарау, облысымыздың, мына еліміздің аумағын фито-

санитарлық қауіпсіздігін сақтау. Біздің алға қойған мақсаттарымыз — бүкіл жүктерді таза ұстау, келген жүктерді мұқият қарау, облысымыздың және еліміздің аумағында фитосанитарлық қауіпсіздігін сақтау.

Сонымен қатар инспекция қызметкерлері банан тасымалдаумен айналысатын кәсіпкердің мысалында жүктерді тексеру рәсімі туралы егжей-тегжейлі айтып берді. Өсімдіктер карантині және фитосанитарлық бақылау бекеттері бойынша бөлімінің бас маманы Шырайлым Турысбекованың айтуынша, кәсіпкерлер жүктің келгені туралы инспекцияны хабардар етуге міндетті.

— Осыдан кейін біз бірінші кезекте құжаттардың сәйкестігін тексереміз, — деп түсіндірді инспектор. — Бұл фитосанитарлық сертификат және автокөлік жүкқұжаты. Біз берілген күндеріне, толтырудың дұрыстығына, таңбалауға, жүк туралы ақпараттың толықтығына назар аударамыз. Егер бұзушылықтар мен қателіктер анықталған жағдайда әкімшілік шара қолданылады.

Спикер барлық құжаттардағы деректер дұрыс болған жағдайда импортталған өнімді тексеру басталатындығын атап өтті. Тексеру кезінде инспекторлар кездейсоқ әдістемеге сәйкес қораттарды ашып, өнімнің фитосанитарлық жағдайын тексереді. Барлық процесс бейнекамераға жазылады.

— Осы банандардың әкелімі Ресей Федерациясынан, сол жақтан келеді елімізге, ал негізі шығу тегі — Эквадор, — деп бөлісті Шырайлым Турысбекова. — Өнім алдымен теңіз арқылы Ресей Федерациясының порттарына жеткізіліп, кейін фураармен Қазақстан аумағына тасымалданады. 2023 жылы бізде карантинді объекті анықталды осы банандар бойынша. Ол — Шығыстың

ақ ұнтақ сымыры. Бұл зиянкес бананның бетінде ақ ұнтақ тәрізді із қалдырып, өнімді зақымдайды. Бұл карантинді объект адамдарға қауіп төндірмегенмен, қоршаған ортаға зиян. Сондықтан таралып кетпеуін біз бақылаймыз. Шығыстың ақ ұнтақ сымыры анықталған жағдайда өнім дереу оқшауланады, қойма мөрленеді, ал үлгілер карантиндік зертханаға жіберіледі. Карантиндік нысан анықталған жағдайда кәсіпкерлер жүкті сатуға да, жөнелтуге де құқылы емес және аталған өнімге міндетті түрде фумигация жүргізіледі — бұл газ арқылы зарарсыздандыру әдісі. Фумигациядан кейін қайта тексеру және зертханалық сараптама жүргізіледі. Тек содан кейін ғана өнімге тиісті құжат ұсынылып, сатуға немесе жөнелтуге рұқсат беріледі. Осындй тәртіппен тәуекелі жоғары карантинге жатқызылған өнімдерге бақылау, қадағалау жұмыстары жүргізіледі.

ҚР АШМ АОК МИК «Қарағанды облыстық аумақтық инспекциясы» ММ

• «ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...»

Білім кемесінің капитаны

Болашағымыздың жарқын болуына ықпал жасап, жас ұрпақты жеке тұлға ретінде қалыптастырып, адамзат қоғамын алға білім ордасын басшысыз, мұғалімдер мен оқушыларсыз елестету мүмкін емес. Білім сапасының жоғары болуы — осы үштіктен туындайтын ортақ нәтиже. Десе де, жол бастайтын басшының үлесі басымдық. Осы орайда №79 негізгі орта мектебінің директоры Гүлмира Мұхамедияның еңбегін айтпай кетуге болмайды.

Мектептің басқа білім ордаларынан оқ бойы озық жүруі іскер ұстаз, талапшыл басшыға байланысты. №79 негізгі орта мектебінің директоры Гүлмира Мұхамедина — әр түрлі ұлт өкілдерінен құралған ұжымды тең ұстап, айрандай ұйытып отырған мектеп басшысы. Бұл бойындағы көшбасшылық қасиетінен болса керек. Жаңа заманның оқушысын дұрыс тәрбиелеу және бағыт-бағдар беру ұстаздар мен басшыларға жүк-

телер міндет. Білім деген қазынаға толы қасиетті бұл мекенде жалпы ұстаздардың келбеті ерекше. Ұстаздарға тиімді жағдай жасап, білім беру сапасының пәрменді болуына, оқу-тәрбие үдерісінің тиімді жүзеге асуына, жас буынның жан-жақты дамуында басшымыз Гүлмира Қабдулашимқызының еңбегі орасан. Ол қызығы мен қиындығы қатар жүретін мектеп жұмысында қандай істі бастаса да өзінің өмірде



Сурет: Ұйымдастырушылардан

жиган мол тәжірибесі мен біліктілігінің арқасында дөңгелетіп әкеледі. Шебер ұйымдастыра білетін қабілетімен қашанда әріптестеріне сыйлы. Осындайда «Жақсының тамыры тереңде, оны ешкім шаба алмас» деген тәмсіл ойға оралады.

Гүлмира Қабдулашимқызының адамгершілігі мен еңбекқорлығы, ұжымды бір шаңырақ астында ұйыстырып ұстайтын алғырлығы көпке үлгі. Дана халқымыз «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді. Білім айдынында қажымай-талмай еңбек етіп келе жатқан басшымызға әрдайым тұғырынан түспей, биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз.

Мейрамгүл БЕКЕНОВА, №79 негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

Д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Өнер мен өнегені ұштастырған

Қарағанды медицина университетінде Тілдерді дамыту орталығының ұйымдастыруымен Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойы аясында «Абай ізі ұрпақ жадында, сөз – сурет өнерінде» атты республикалық танымдық-шығармашылық кеш өтті. Кеш барысында Абай шығармашылығына, оның ізін жалғаушы Шәкәрім мен Ахат Шәкәрімұлының мол мұрасына жігі үңіліп, жалпақ жұртқа паш етуді мақсат еткен дәрігер ғалым әрі суретші Мақаш Әлиақпаровтың «Әке жолы. Перзент парызы» кітабының тұсауы кесілді. Шығармашылық кеш көрермендері халқымыздың біртуар перзенттері, ойшыл ақын Абай мен Шәкәрімнің рухани-көркем мұрасына қанықты, өнер құдіретін сезініп, керемет күйге бөленді.



Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Танымдық-шығармашылық кеш басталмас бұрын қонақтар Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына орай Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы ұйымдастырған «Асыл сөзді іздесек, Абайды оқы еріңбе» атты көрмесі мен ғалым Мақаш Тыныштықбайұлының шығармалар көрмесін тамашалады.

Көпшілік назарына ұсынылған көрмеге ұлы ақынның шығармалары, кара сөздері, 1950-1960 жылдары салынған Абайдың сирек кездесетін портреті, бюсті, кілемшеге тоқылған бейнесі, ақынның кара сөздерін оқығаннан кейінгі әсерін қылқаламмен өрнектеген Қарағанды өңіріндегі балалардың суреттері де қойылған. Сонымен қоса, мұнда корей, француз, ағылшын тіліне аударылған Абай шығармалары да бар. 1921 жылы шыққан шағын кітапты да осы жерден табасыз.

– Быыл Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай ақпан айында тұсауы кесілген көшпелі көрме бүгін Қарағанды медицина университетінде жалғасын тауып отыр. Абай атындағы кітапхана болғандықтан, біз ақын мұраларын жинақтауға мән береміз. Бүгінде 140-тан астам басылым, сирек кездесетін кітаптар бар. М.Әуезовтің 1948 жылы шыққан «Абай жолының» орыс тілінде жазылған алғашқы нұсқасы бізде сақтаулы. 1948 жылы шыққан Пушкиннен

аудармалары да бар. Біз осы бағыттағы жұмысымызды жалғастыра береміз, – делі кітапхана басшысының орынбасары Қалқатай Қалиева.

Танымдық шараға өңірге белгілі тұлғалар, ғалымдар, Қазақстан халқы Ассамблеясының этномәдени бірлестіктерінің жетекшілері, облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы Ресурстық тіл орталығының мамандары, университеттердің оқытушы-ғалымдары мен өңірлік кітапханалардың кітапханашылары арнайы шақырылды. Сондай-ақ, медицина университетінің студенттері мен оқытушылары, шығармашылық ұжым қатысты.

Кеш барысында Қарағанды облысы әкімінің кеңесшісі Айжан Қиясова құттықтау сөз сөйлеп, Абай мұрасымен сусындаған ұрпақтың ел игілігі жолында еңбек ете беруіне тілектестік білдірді.

Университет ректоры Бақыт Көшерова «Абай мұрасы қазақ халқының ғана емес, барша адамзаттың өнеге алатын асыл казынасы. Бүгін университет қабырғасында біз осы асыл мұраны дәріптеп, бір табан жақындаймыз» дей келе, Абай мен Шәкәрім шығармашылығына терең бойлаған медицина ғылымдарының докторы, ғалым Мақаш Тыныштықбайұлының еңбегін атап өтті. Қатысушыларға ұлы ағартушы Абайдың әлеміне рухани сапар шегіп, бүгінгі кештен тамаша әсер алуын тіледі.

Ұлттық ғылым академиясының акаде-



мигі, медицина ғылымдарының докторы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Мақаш Әлиақпаров өзінің «Әке жолы. Перзент парызы» атты кітабында Ахат Шәкәрімұлының әдеби мұрасын жалпақ жұртқа паш еткен. Бұл кітапқа 2024 жылы Семей өңіріне жүргізілген «Ахат жүрген ізбенен» ғылыми-танымдық экспедиция жазбалары және Ахат Шәкәрімұлының бұрын-соңды ғаламтор бетінде жарық көрмеген өлеңдері мен поэмалары енген. Мақаш Тыныштықбайұлы өз еңбектері арқылы халыққа Абай мен Шәкәрімді, Шәкәрімұлы Ахат ақынды кеңінен танытып келеді. Бұған дейін де Мақаш Әлиақпаровтың қарымды қаламынан Ахат Шәкәрімұлы жайында 1997 жылы «Ахат», 2000 жылы «Ақын аманаты» кітаптары жарық көрді. Ал оның қылқалам шебері екенін де айтпай кетуге болмас. 1975 жылдан бастап осы уақытқа дейін 200-ден астам сурет салған, оның 60-тан астамы тек Шәкәрімге арналған екен.

Танымдық-шығармашылық кеш көпшіліктің есінде қалар ерекше сәттерге толы болды. Есімі елге белгілі дәстүрлі әнші Сержан Мұсайын Абай әнін әуелетіп, көрерменнің көңіл күйін қалықтатты. №23 мектеп оқушылары да би билеп, өлең оқып, кештің шырайын келтірді.

Қарағанды медицина университетінің студенттері ұлы ақынның «Ескендір» поэмасы желісінде сахналық қойылым қойып, Абай өлеңдерін мәнсерлеп оқыды. Сондай-ақ, Халықаралық қатнастар факультетінің үнді ұлтынан құралған студенттері Абай өлеңдерін жатқа оқып, «Бойы бұлған» әнін шырқады. Тіпті, олар өздерінің ұлттық киімімен «Қаражорға» биін билеп, жұртты таңғалдырды.

– Абай мерейтойы аясында ұйымдастырылған бұл шара медицина ғылымының өнерге де қатысы бар екенін айқындайды. Адам тәні мен жанын емдейтін сала математикамен, әдебиет, философия және музыкамен де тығыз байланысты. Дәрігерлердің де өнерге бір табан жақын екенін көріп отырсыздар. Абайдың 150 жылдық мерейтойын дәл осындай сән-салтанатпен тойлаған болатынбыз, биыл 180 жылдығын да сіздермен бірге атап өтудеміз. Омар Хайям айтқан екен: «Бұл дүниеде өз шәкірттеріңнің ортасында өмір сүруден артық бақыт жоқ» деп. Мен де шәкірттеріңнің ортасынан табылғанымға қуаныштымын, – делі ғалым Мақаш Тыныштықбайұлы.

Бірегей дарын несі, ғалым, академик Мақаш Әлиақпаровтың тек медицина саласына ғана емес, әдебиет пен өнерге қосқан үлесі өлшеусіз.

Сурет ұйымдастырушылардан

• КЕШ

Тектілікпен тербелген жыр бесігі

Өлең – адам жанының шынайы үні. Ал, сағыныш – сол үннің ең терең, ең табиғи толқыны. Қарағандыдағы Жаңа Майкұдық мәдениет үйінде өткен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын Сұлтан Дәулетханұлының «Сағынышым, төрге шықшы, келші, өлең!» атты шығармашылық кеші дәл осы екі ұғымның астасқан сәті болды. Бұл кеш бесіктен басталған бір адамның өмірі мен өлеңінің, сағынышы мен шыңдығының сахнаға шыққан шежіресі секілді әсер етті.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Сұлтан ақынның ішкі жан-дүниесін, шығармашылық болмысын тереңнен танытқан бұл кеш поэзия мен проза, бейне мен музыка, сахналық қойылым мен көркемсурет өнерін бір арнада тоғыстыра отырып, тұтас бір композициялық құрылымда өрілді. Кешті ақын, жырау Тілеген Әділ жүргізді.

Алғашқы бөлімі ақынның өз даусымен оқылған сырлы жырлармен басталды. Сахнада сәби кезінен тербеткен, бүгінгі күнге дейін киесін жоғалтпаған бесік тұрды. Ақын сол бесікті алақанымен аялап:

– 57 жылдық тарихы бар бұл бесік – атамның қолымен жасалған, әжемнің мейірі сіңген, әке-шешемнің күтімімен талай көштен бүлінбей, сынбай аман жеткен киелі жәдігері, – деп тебірентті.

Бұл көрермен жүрегің елжіретіп, жыр кешінің рухани салмағын аңғартты.

Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев сөз сөйлеп, қала әкімінің құттықтау хатын табыстап, ақынға шапан



жауып, құрмет көрсетті.

Екінші бөлімі «Бақытым да, байлығым – солар менің» деп аталып, ата-анаға арналған өлеңдер мен естеліктерге ұласты. Талантты әнші Арайлым Жүкенова ақынның анасы-

на арналған «Дұға» атты өлеңін оқып, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқеновтің әніне жазылған «Аяулы ана» әнін тебірене орындады.

Кеш барысында жас көркемсурет оқушы-

• ТАҒЫМ

Ұлт зиялысы ұлықталды

Быыл «Алаш» қозғалысының көрнекті өкілі, ағартушы, публицист, педагог-ұстаз Имам Әлімбекұлының туғанына 140 жыл толып отыр. Осыған орай Қарқаралы ауданы Бесоба ауылының орта мектебінде Алаш арысына музей бұрышы ашылды.



Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Қазақ» газетінде жарияланған Алаш партиясының бағдарламасындағы басты 10 мәселенің бірі оқу-ағарту, яғни ғылым-білімді үйрету болды. Сол себепті, XX ғасырдың басында ұлт зиялылары ағартушылық бағытқа бар күш-жігерін салды. Солардың қатарында Алаш қайраткері Имам Әлімбекұлы да бар. Ағартушы қайраткер 1924-1928 жылдары Қарқаралы ауданының Бесоба, Қызылту, Милыбұлақ және Қу, Ақтоғай аудандарының ауылдарына мектеп салғызу жұмыстарын қолға алғандығы тарих жаздында.

Музей бұрышының лентасын Алаштанушы, жас ғалым Алтынбек Құмырзақ пен Имам Әлімбекұлының жиені Сәуле Машаева кесті.

Бұл тағылымды іс-шараға Алаш арысының ұрпақтары Гүлдана Мейрамқызы мен Гүлнар Баянқызы мұрындық болып, қайраткердің ұрпағы, кәсіпкер Асқар Әлімбек қаражатын көтерді.

– Бұл тек деректер мен құжаттар ғана емес. Біз архивтермен жұмыс істеп, әр фотонның, әр қағаздың артындағы тағдырды ашуға тырыстық. Музейде шынайы заттар болуы керек. Мен әлі күнге дейін 1930-1950 жылдардағы жәдігерлерді, ескі суреттерді, кітаптарды, тіпті, пионер галстугін сақтап келем. Өйткені тарих тірі куәгерлер арқылы ғана сезіледі, – дейді музей ісінің маманы, зерттеуші Дана Мейрамқызы.

Алаш қайраткері Имам Әлімбекұлының өмірін зерттеуге, есімін қайта жаңғыртуға Гүлнар Баянқызы мен оның туыстары көп күш сарп етті. Сол қажырлы ізденістерінің арқасында музей ашып, «Қайта оралған есім» атты Имам Әлімбекұлының өмірінен сыр шертетін кітапша шығарды.

– Менің арманым атамызға арнап бір музей ашу еді. Өткен жылы ашқымыз келді, бірақ қолымыздағы материалдар тек Алашқа дейінгі кезеңмен шектелді. Быыл Дана Семейге барып, архивтен көптеген құжат тапты. Сол сәттен бастап ізденісіміз тереңдей түсті. «Айқап», «Сарыарқа», «Қазақ» газеттерінің ескі нөмірлерін ақтарып, бұрын тек ауызша айтылып жүрген естеліктерге нақты құжаттық дәлелдер таптық, – дейді журналист Гүлнар Бұхарбаева.

Журналист Гүлнар Бұхарбаева Имам Әлімбекұлы туралы алғашқы мәліметтерді 1990 жылдары естігенін айтып, сол кезеңді есіне білай деп алды: – Атамның үлкен ұлы Мейрам атаның қамқорлығын көрдік. Ол кісінің жұбайы Ақсия деген апамыз да елге танымал болатын. Өмірінің соңғы жылдарында жиырма жылдай көзі көрмей қалды. Бірақ үнемі радио тыңдайтын. Үйінде кішкентай ғана радио тұратын. Сол радионы таңертеңнен кешке дейін тыңдап отыратын. Бір келгенінде ол кісі: «Міржақыпты ақтады, Ахметті ақтады, Әлімхан Ермековті де ақтады. Біздің атамыз әлі ақталған жоқ», – дегенде, құлағым елең ете қалды. Осындай ұлы адамдардың аты аталғанда, «Олардың қатарында жүрген бұл кісі кім?» – деп ойлады. Ол кісінің бір ескі чехмоданы бар екен. Тозығы жеткен, шеттері мүжілген ағаш чехмодан. Соның ішінен сарғайған қағаздарды алып шықты. Онда Мағжанмен бірге Петропавлда жұмыс істегенін растайтын құжаттар, Мейрам атамның Мәскеуге жазған хаттары болды. Сол кезден бастап мен зерттей бастадым.

Музей бұрышының салтанатты ашылу рәсімінің соңы «Алаш қайраткері – Имам Әлімбекұлы» атты концерттік бағдарламаға ұласты. Соныан құран оқылып, ас берілді.

Суретті түсірген автор

лар – Нұрғасыр Изат, Жомарт Бекарыс, Тілеукабыл Камил ақынның елге кең тараған өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Бұл – Сұлтан ақынның ұстаздық қызметінің де жемісі. Оның есімі облыстық «100 жаңа есім» кітабына енгенін де атап өткен жөн.

Сонымен қатар, Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайынның құттықтау хаты оқылып, табысталды. Бұқар жырау ауданындағы «Мирас» өнер мектебінің оқушылары мектептің 20 жылдығына орай жазылған жаңа әні «Біз Миранстың өреніміз» туындысын орындады.

«Бауырым!», – дер ағаны сағынумен келемін» деп аталатын келесі бөлімде ақынның ағалары – Қайрат Асқар, Руслан Нұрбай, Серік Сағынтай, Бағдат Мүбәрак сынды өнердегі ұстаз-бауырларына арнаған жырлары оқылды. Кештің ең көркем тұсы «Махаббаттың мекені – Қарқаралы» атты сахналық қойылымда ақынның махаббат лирикасы паш етілді. Жас ғашықтардың таза сезімі, табиғатпен үндескен суреттері – көрерменді әсерге бөледі.

Осы туынды негізінде жарық көрген ән де орындалды.

Соңғы бөлімде Сұлтан Дәулетханұлының жаңа кітабы – «45» жыр жинағының тұсауы кесілді. Бұл жинақ – ақынның поэтикалық биігі мен рухани толысуын танытатын ерекше туынды. Кітаптың тұсауын

Астанада арнайы келген белгілі жазушы, ақын, драматург Кенжебай Ахметов, өнер жанащыры «АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің филология факультетінің деканы Елдос Түйте, ақын, Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының басшысы Жанат Жанқашұлы, әнші-сазгер Медет Салықов сынды азаматтар кесіп, ақжол тілеп, ақжарма тілегін ақтарды. Сый-құрмет көрсетіп, шапан жапты.

Айта кетерлігі, «45» санының символикалық мәні де атап өтілді. Абай шығармаларындағы деректерге сүйене отырып, филология ғылымдарының докторы, профессор Мұхамедқали Әбдүовтің пікірінше, бұл сан «Адам» деген ұғымды білдіреді. Ақынның жаңа жинағы да адамтану, адамдық биікті жырлау идеясын өзегін табатыны сөзсіз.

Сұлтан Дәулетханұлының шығармашылық кеші өлеңмен өрілген өмірдің шежіресі іспетті. Бесіктен басталып, ана мен әке, туған жер мен перзент, махаббат пен сағыныш, аға-бауыр, ұстаздық пен ұрпақ тәрбиесі бәрі де кеш мазмұнына жымдаса енген.

Міне, бұл – нағыз ақындық серт, ақындық мұрат!

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет			
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;	
Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА		Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	
Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПИЯШ		● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. ● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. ● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. ● Материалдың жариялану ақысы төленген	
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді. Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.		Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	
«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJZKZXX БИН 000840001412 Тарапымы 3 512 №112 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.		Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	
Бағасы келісім бойынша «Типография Артыс» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Ерік НАРЫН			